БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 249 (9567) | 1954 жылғы 17 декабрь Жұма | Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тиын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советі атқару комитетінің хабары (1-бет).

СССР кәсіпшілік кооперациясы уәкілдерінің ІІ-ші съезі (1-бет).

СССР Кәсіпшілік кооперациясы уәкілдерінің ІІ съезіне (1-бет).

Совет жазушыларының Бүкілодақтық ІІ съезінің ашылуы

Халық ағарту қызметкерлерінің кеңесі. (1-бет).

МТС және ММШС директорларының республикалық кеңестері (2-3-бетте).

СССР Сыртқы Істер Министрлігінің мәлімдемесі (3-бет).

**С. Тоқтасынов, А. Бадельханов.** —Интернационал МТС-інде (3-бет).

**Ж. Құсайынов.** — Қосымша отын, су алмастан (3-бет).

**Р. Уәлиев.** —Оқушылар мастерскойында (4-бет).

**П. Рысаков.** —Халықаралық шолу (4-бет).

Отто Гротевольдың Хеннигсдорфтағы митингте сөз сөйлеуі (4-бет).

Бельгия Коммунистік партиясының ХІ ұлттық съезі (4-бет).

Чехословакия ұлттық жиналысы сессиясының аяқталуы (4-бет).

Нерудің Лакнауда сөз сөйлеуі (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

## Қысқы агротехникалық шаралар мұқият жүзеге асырылсын

Облысымыздың колхоз, совхоздары бұрын егіншілікке пайдаланылмай келген тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен ауылшаруашылық дақылдары егісінің көлемін жыл сайын ұлғайтып келеді. Тек колхоздарда ғана 1955 жылы негізгі дәнді дақылдардың егіс көлемі 1 миллион 186 мың 500 гектарға жеткізіледі, яғни 1954 жылғыдан 522 мың 234 гектар ұлғайтылады. Бұған керекті егістік жер толығынан дерлік әзірленді. Дегенмен, алдымыздағы көктем кезінде дала жұмыстарының көлемі едәуір артатын болады. Осындай зор көлемдегі жұмыстарды ең қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары сапада өткізу ауылшаруашылық дақылдардан мол өнім алуды қамтамасыз етудің шартты жағдайларының бірі болып табылады. Сондықтан келесі жылы ауылшаруашылық дақылдарын егуді үлгілі өткізуге, осы арқылы олардан мол өнім алудың алғашқы негізін жасаудың маңызы зор.

Ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын мықтап арттыруды қамтамасыз ету жолындағы күрестегі қазіргі басты міндеттердің бірі қысқы агротехникалық шараларды уақытылы және үлгілі жүзеге асыру болып табылады. Егіс даласына қар тоқтату, жергілікті және минералды тыңайтқыштарды дайындау, тасып алу, оларды егістік жерлерге төгу, тұқымды себу сапасына жеткізе тазарту және оны ұқыптылықпен сақтау жұмыстары дер кезінде жүргізілсе, бұл егін өнімділігін арттыруға едәуір қолайлы жағдай жасайтыны колхоз, совхоздардың практикасынан талай рет көрінді. Сондықтан да жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары колхозшылар мен совхоз жұмысшыларын осы жұмыстарды ойдағыдай атқаруға жұмылдырулары қажет.

Бірақ, шынын айтуымыз керек, осы уақытқа дейін көптеген аудандардың колхоздары қысқы агротехникалық шараларды жүргізуге шын мәнінде кіріспей отыр. Қардың едәуір қалың түскеніне қарамастан облыс колхоздарының бірде-бірі егіс далаларына қар тоқтату ісіне кіріспей келеді. Тіпті Ленин ауданының МТС-тері мен колхоздары қар ұстайтын қалқандар, шиліктен, қамыстан бумалар, тракторға тіркелетін және көлікке жегілетін қаржыртқыштар әзірлеу жұмыстарын нашар ұйымдастырған. Бұл аудан-

Преснов ауданындағы Баян МТС-нің бас агрономы Аяғанов жолдастан станция қамтуындағы колхоздарда қысқа агротехникалық шаралардың жүзеге асырылуының жайы қалай деп сұрасаңыз, шімірікпестен: «бұл жұмыстарға әлі шындап кіріскеніміз жоқ» дейді. Қысқы агротехникалық шаралардың жүзеге асырылмауы жалғыз Баян МТС-інде емес, ауданның басқа да МТС-терінде орын алып отыр. Солай бола тұрса да, бұл жағдай аудандық партия комитетінің секретарьлары Долженко, Болатбаев, аудандық Совет аткомінің председателі Макаров жолдастарды абыржытар емес. Олар тек басқа шаруашылықтармен бір ыңғай ғана шұғылданып, қысқы агротехникалық шаралардың жүзеге асырылуына жеткілікті көңіл бөлмейді.

Колхоздарда жергілікті тыңайтқыштар әзірлеу, минералды тыңайтқыштар сатып алу жұмысының нашар жүргізілуіне облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы да кінәлі. Өйткені оның мамандары колхоздардың қайсысына қанша тыңайтқыштар дайындау керек екендігін өздері де білмейді. Бұл жөніндегі жоспар жасалмаған және МТС-терге жіберілмеген.

Қысқы агротехникалық шаралардың маңызды бір буыны—колхозшыларды агротехникалық курстарда оқыту. Рас, бұл жұмыс бірқатар аудандардың колхоздарында ойдағыдай жүргізілуде. Алайда колхозшылардың агротехникалық оқуына Петропавл ауданының және осы аудандағы МТС, колхоз басшылары жете мән бермей келеді. Осының салдарынан Сталин атындағы, Фурманов атындағы, «Луч Ленина», тағы басқа колхоздарда колхозшылардың агротехникалық оқуы ұйымдастырылған жоқ.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы астық шаруашылығын бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі деп есептеп, астықтың, әсіресе неғұрлым бағалы азық-түліктік дақыл—жаздық бидайдың шығымдылығын онан әрі арттыру міндетін қойды. Бұл міндетті мүлтіксіз орындау үшін қысқы агротехникалық шараларды кезінде және мұқият жүзеге асырудың маңызы зор. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдары қар тоқтату, тыңайтқыштар әзірлеу, тұқым тазарту, колхозшыларды агротехникалық ғылым мен озат тәжрибенің табыстарымен қаруландыра беру жұмыстарындағы кемшіліктерді шұғыл жоюға тиіс.

Қысқы агротехникалық шараларды

## СССР Кәсіпшілік кооперациясы уәкілдерінің ІІ съезі

14 декабрьде Кремльде СССР Кәсіпшілік кооперациясы уәкілдерінің ІІ съезі ашылды. Москваға республикалардың, өлкелер мен облыстардың кәсіпшілік кооперациясы Советтерінің председательдері, одақ басқармалары мен кәсіпшілік артельдерінің председательдері, өндіріс жаңашылдары, көркемөнер кәсіпшіліктерінің шеберлері келді.

Съезд мынадай күн тәртібін бекітті:

1. СССР Кәсіпшілік кооперациясының Орталық Советі басқармасының 1951 — 1954 жылдарға есепті баяндамасы;

2. СССР Кәсіпшілік кооперациясы Орталық Советі тексеру комиссиясының есепті баяндамасы;

3. Кәсіпшілік кооперациясы Орталық Советінің басшы және бақылау органдарын сайлау.

СОКП Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің СССР Кәсіпшілік кооперациясы уәкілдерінің екінші съезіне құттықтауын делегаттар қызу қарсы алды; құттықтауды СССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары А. Н. Косыгин жолдас оқыды.

## СССР Кәсіпшілік кооперациясы уәкілдерінің ІІ съезіне

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі СССР Кәсіпшілік кооперациясы уәкілдерінің екінші съезін және ол арқылы Совет кәсіпшілік кооперациясы артельдерінің барлық мүшелерін қызу құттықтайды.

Еңбекшілердің көп мыңдаған армиясын біріктіретін Совет Одағының кәсіпшілік кооперациясы елдің халық шаруашылығында елеулі орын алады, оның артельдері жыл сайын халық үшін ондаған миллиард сомның товарларын өндіреді.

Қазіргі уақытта, елімізде халық шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастырудың және совет халқының материалдық әл-ауқатын онан әрі жақсартудың кең программасы жүзеге асырылып жатқанда, мемлекеттік өнеркәсіппен бірге көпшілік тұтынатын бұйымдар өндіруді едәуір ұлғайтуға тиісті кәсіпшілік кооперациясының ролі бұрынғыдан да арта түседі.

Социалистік өнеркәсіптің барлық қызметкерлерінің шұғыл міндеті мынада: халыққа қажетті товарлар өндіруді барынша өркендету, жаңа бұйымдарды жаппай шығаруды тезірек игеру, еңбекшілердің тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындар санын көбейтіп, олардың жұмысын жақсарту үшін табандылықпен күресу керек. Жергілікті құрылыс материалдары мен колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға арналған әртүрлі шаруашылық құрал-саймандарын өндіруді едәуір ұлғайтуға ерекше көңіл бөлінуге тиіс.

Советтік кәсіпшілік кооперациясының оның алдында тұрған жауапты міндеттерді ойдағыдай орындау үшін барлық қажетті жағдайлары бар. Ол мемлекеттік өнеркәсіптің үнемі көмек көрсетуіне сүйенеді және оның қарамағында техника жағынан қаруланған едәуір мөлшерде кәсіпорындары, тәжрибелі жұмысшы кадрлары мен мамандары бар. Кәсіпшілік кооперациясының артельдерінде өз ісінің техникасын жетік меңгерген ондаған және жүздеген жаңашылдар, жоғары өнімді еңбек етудің шеберлері өсіп шықты.

Кәсіпшілік кооперациясы қызметкерлерінің патриоттық борышы осы мүмкіндіктерді барынша толық пайдаланып, кооперативтік өнеркәсіптің зор және әлі ашылмаған резервтерін іске қосу, техникамен өндіріс процестерінің технологиясын үнемі жетілдіру, еңбек өнімділігін арттыруға жету, шығарылатын өнімнің сапасын елеулі түрде жақсартып, әрбір артельде өндіріс мәдениетін арттыру және халықтың тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту болып табылады. Өзінің шикізат базасын жедел өркендетіп, мемлекеттен алынатын материалдарды тиімді және үнемді пайдалану, өндіріске шикізаттың жергілікті түрлерін кеңінен қолдану, кәсіпорындардың жоғары рентабельділікпен жұмыс істеуіне жету, кооперативтік қаржыларды жұмсаудағы иесіздік пен ысрапшылдыққа қарсы күресу керек. Кәсіпшілік кооперациясының қызметкерлері арасында жоспарларды әрбір коллективтің толық және асыра орындауы жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, мемлекеттік өнеркәсіп пен кооперативтік кәсіпорындардың озат тәжрибесін енгізу қажет.

Кәсіпшілік кооперациясының басшы органдары, артельдердің басқармалары артель мүшелерінің мәдени және материалдық тұрмыс қажеттерін қанағаттандыруға көбірек көңіл бөлуі, артель мүшелерін коллективизм рухында, кемшіліктерге төзбеу және қоғамдық дәулетке ұқыптылықпен қарау рухында таймастан тәрбиелеп, еңбек тәртібін барынша нығайтуға тиіс.

Уставты мүлтіксіз орындау, істі басқаруға және кооперативтік ұйымдардың жұмысына бақылау жасауға артель мүшелерінің қалың көпшілігін қатыстыру, сын мен өзара сынды батыл өрістету және төрешілдік пен қағаз бастылық белгілерінің қандайымен болса да батыл күрес жүргізу кәсіпшілік кооперациясының бүкіл жұмысын жақсартудың басты шарты болып табылады.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі кәсіпшілік кооперациясы өзіне жүктелген міндеттерді абройлмен орындайды, совет халқының әл-ауқатын үнемі арттыра беруге, Коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте партия мен үкметке бұдан былай да белсене көмек көрсетеді деп берік сенім білдірді.

**СССР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ**

**СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ**

☆ ☆ ☆

Бірінші мәселе бойынша СССР Кәсіпшілік кооперациясы Орталық Советі Басқармасының председателі А. Е. Петрушев жолдас баяндама жасады.

Қазіргі уақытта, деді ол, кәсіпшілік кооперациясы 15 мыңнан аса артельдерді біріктіреді. Кооперативтік ұйымдар мен кәсіпорындарында 2 миллионнан аса адам жұмыс істейді. Кәсіпшілік кооперациясы тек быйылғы жылдың өзінде ғана 55 миллиард сомның өнеркәсіп өнімін, оның ішінде 47 миллиард сомның халық тұтынатын бұйымдарын өндіруге тиіс. Үстіміздегі жылдың 11 айында жалпы өнім шығарудың мемлекеттік жоспары 105 процент орындалды. 1950 жылмен салыстырғанда, сауда ұйымдарына товарлар бөлу екі еседей дерлік өседі.

Соңғы жылдарда кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындары көптеген жаңа ... және 33 техникум жұмыс істейді. Таяу уақытта оқу орындардың саны бұрынғыдан да көбейтіледі.

Өндірістің жекелеген салаларындағы жағдайға талдау жасай келіп, баяндамашы бұл салалардың тұтынушылар қойып отырған талаптардан әлі де артта қалудә екенін көрсетті. Кәсіпшілік кооперациясы елімізде шығарылатын мебельдердің, сыртқы трикотаж киімдердің, пималардың жалпы мөлшерінің үштен бірінен артығын, шойын, эмаль жалатылған алюмени ыдыс- аяқтардың, ойыншықтардың 50 проценттен артығын өндіреді. Алайда, бұл товарларды өндірудің өркендетілуі әлі де жеткіліксіз.

Жоспардың белгіленген ассортимент бойынша орындалмауы өндіріске товарлардың жаңа түрлерін шығарудың нашар ... нушылар Грузин, Қырғыз, Түркмен, Тәжік одақтас республикаларының тігін артельдері шығаратын бұйымдарға елеулі талаптар қояды. Әйелдер мен балалардың кестеленіп, жақсы әсемделген киімдері өте аз шығарылады. Бұйымдардың сапасын шұғыл жақсартып, оны мемлекеттік стандарттың дәрежесіне жеткізу міндеті қойылып отыр.

Баяндамада көркемөнер кәсіпшіліктерін өркендетуге зор орын берілді. Артельдерде таланты мен шеберлігі совет адамдарының ұлттық мақтанышы болып табылатын халық арасынан шыққан тамаша шеберлер аз емес. Мәнерлеу өнері, кілем тоқу, кесте тігу, сүйектен, ағаштан, тастан ойып, нақыштап бұйым жасау және көркем бұйымдар искусствосының басқа түрлерін жасау шеберлерінің еңбектері ... жұмыстардың сапасы көп реттерде халықтың өскен талаптарына сай келмейді.

Кәсіпшілік кооперациясының практикалық жұмысында, деді баяндамашы, кооперативтік қаржыларды ысырап қылуға және талан-таражға салуға төзушілік пен қарау фактілері әлі аз емес. Талан-таражға салу және ұрлау фактілерін мүлдем жою қажет.

Артель мүшелері кооперативтік ұйымдардың жұмысын басқаруға және оған бақылау жасауға кеңінен қатыстыру кәсіпшілік кооперациясының барлық бұйымдарының жұмысын онан әрі жақсартуға қызмет етуі керек. Басқару аппаратындағы ысырапшылдыққа батыл күрес жүргізу қажет. Социалистік жарыс, мемлекеттік өнеркәсіп пен кооперативтік кәсіпорындары жаңашылдарының озат тәжри-

«Еңбек», «Орталық» колхоздарында қар тоқтатуға әзірлік, бұл жұмысты жүзеге асыруды ұйымдастыру мүлдем ұмыт қалып келеді. Сондай-ақ бұларда жергілікті тыңайтқыштарды әзірлеу, минералдық тыңайтқыштар сатып алу жұмысы да жүргізілмеген. Ал қолда бар тұқымдарды тазартудың барысы өте-мөте баяу.

Қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыруды ұйымдастыруда МТС агрономдары негізгі тұлға. Бірақ, амал не, Өбразцовая МТС-нің бас агрономы Қожасов жолдас өз міндетінің дәрежесінде болмай отыр. Ол қыс түскеннен бері колхоздарда жөнді болған да жоқ. Сонымен бірге колхоз агрономдарына қысқы агротехникалық шараларды ұйымдастыру және басқару жұмыстарын жақсарту жөнінде қатаң талап қоймайды. Қар тоқтату, жергілікті және минералды тыңайтқыштар дайындау, тұқым тазарту сияқты қысқы агротехникалық шараларының өзекті мәселелерін ойдағыдай жүргізуге жете мән бермей отырған колхоз басқармасымен ымырашылық жасайды. Бұл жұмыстардағы кемшіліктер мен сылбырлықтарды жою жөнінде МТС кеңестерінде мәселе қарауды ұсынбайды.

жүзеге асыру агрономдардың қазіргі басты міндеттерінің бірі. Олай болса, колхоз агрономдары қар тоқтатуда, тыңайтқыш әзірлеуде, тұқым тазартуда жұмыс істеп жүрген колхозшылардың арасында үнемі болып, олардың жұмыстарына практикалық көмек көрсетуге міндетті. Ал МТС тердің бас агрономдары колхоздарда агротехникалық шаралардың жүзеге асырылуының барысымен күнбе-күн танысып отыруға, бұл жұмыстардағы жақсы инициативаны қолдауға және оны басқаларға кеңінен таратып отыруға тиіс.

Бастауыш партия ұйымдары колхозшыларды, МТС, совхоз жұмысшыларын келесі жылдың егісіне тыңғылықты әзірленуге, мал қыстатуды үлгілі өткізу жолындағы күреске бастап және жұмылдырып отырулары керек. Олар социалистік жарыс туын жоғары ұстап, шаруашылық жұмыстарды барлық участокте бірдей қарқынды жүргізілуіне жетісулері қажет. Коммунистер мен комсомолецтер қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру, мал қыстату, тағы басқа шаруашылықтың жауапты салаларында тікелей жұмыс істеумен бірге, өндірісте колхозшылардың, МТС, совхоз жұмысшыларының алдыңғы сапында болуға міндетті.

машиналар мен әртүрлі жабдықтар алды. Металл өндейтін 54 ірі кәсіпорын салынды және жаңартылды, төрт металл-прокат заводы іске қосылды. Жіп иіру-фабрикаларының қуаты 1,7 есе арттырылды. Жаңадан мебель фабрикалары, тоқыма заттар, аяқкиім және киім шығаратын кәсіпорындар, ауыл шаруашылығының қажетіне арналған бұйымдар дайындайтын мастерскойлар ашылды.

Кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындарына арналып, жоғары маман кадрлар даярлануда: кәсіпшілік кооперациясы Орталық Советінің жоғары мектебі ұйымдастырылды, оның сырттан оқу бөлімі бар

Баяндамада құрылыс материалдарын және колхоздар мен совхоздарға, село халқына қажетті шаруашылық мақсатына арналған бұйымдар өндіруге ерекше көңіл бөлінді. Бұл өнімдерді шығаруды шұғыл арттыру кәсіпшілік кооперациясы қызметкерлерінің абройлы ісі.

Баяндамашы товарлардың сапасын жақсарту және олардың ассортиментін көбейту қажеттігі туралы айтты. Ол төмен сортты өнім шығаратын бірқатар кооперативтік ұйымдарды сынады. Кейбір кәсіпорындар соншалықты нашар товарлар өндіреді, сауда орындары бұл товарларды тіпті қабылдаудан да бастартады. Тұтыбелгілі. Олар Пекиндегі, Делидегі, Ливандағы, Нииондағы, Копенгагендегі, Джакартадағы, Лейпцигтегі, Венадағы халықаралық көрмелерде орасан зор табыстарға ие болды. Баяндамашы суретші, шеберлердің жұмыс істеуі үшін бұрынғыдан да қолайлы жағдайлар жасау қажет екенін атап көрсетті.

Халықтың тұрмыс қажетін өтеу—кәсіпшілік кооперациясының аса маңызды міндеті. Соңғы уақытта жөндеу-тұрмыс қажетін өтейтін кәсіпорындардың саны 5,5 мыңға көбейді. Бірақ солай бола тұрса да, қызмет көрсетудің және орындалған алынуға тиіс.

Бұдан соң кәсіпшілік кооперациясы Орталық Советі тексеру комиссиясының председателі А. И. Смирнова жолдас баяндама жасады.

Тексеру комиссиясының баяндамасынан кейін съезд делегаттарының жарыссөзі басталды.

Съездің жұмысына СОКП Орталық Комитетінің секретары Н. Н. Шаталин жолдас, ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасары А. М. Косыгин жолдас қатысуда.

(СОТА).

# СОВЕТ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ II СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫ

15 декабрьде Отанымыздың астанасы—Москвада совет жазушыларының Бүкілодақтың екінші съезі ашылды. Әдебиетшілер мен бірге бүкіл халық та әзірленіп қарсы алған бұл съезд совет мәдениетінің—адамзат тарихындағы ең озат, революцияшыл және гуманитарлық мәдениеттің дамуындағы аса көрнекті оқиға болып табылады. Көп тілді, дүниежүзілік мәдениет қазынасының барлық жақсы дәстүрлерін бойына сіңірген советтік әдебиет ленинизмнің мәңгі өшпейтін идеяларымен, партияның идеяларымен рухтанған. Ол жаңа дүние жасауда, коммунистік заманның жаңа адымын қалыптастыруда қуатты құрал болып табылады.

Үлкен Кремль сарайы. Мұнда Совет Одағындағы барлық социалистік ұлттар әдебиет шеберлерінің гүлі жыйналған. Бұл ұлттардың көбі жуырда ғана жазу дегеннің не екенін білмейтін еді, қазір олар дүниежүзілік мәдениетке зор үлес қосып, бүкіл прогресшіл адамзатқа танылуда.

Делегаттардың арасында —кітаптары советтік әдебиеттің қалыптасуына алғашқы құрылыс материалдары болған, бұдан 20 жыл бұрын жазушылардың бірінші съезінде ұлы Горькиймен бірге, партияның шақыруы бойынша, социалистік риализм туының астында совет әдебиетінің қуатты күштерін біртұтас етіп біріктірген белгілі совет жазушылары бар. Олармен бірге—әдебиетші жастар бар, олардың қатары өсуде және көп ұлтты совет әдебиетінің гүлденуімен бірге ұлғая түсуде.

Барлық делегациялар өздерінің съезге берген есебі ретінде социалистік Отанымыз халықтарының ондаған тілдерінде жазылған жүздеген жаңа кітаптар әкелген. Бұл—совет әдебиетінің творчестволық күштері өсіп отырғандығының айғағы, оның ұраны: ілгеріде де жоғары деген сөздер болып отыр. Бұл—советтік әдебиетіміздің ұлы дауылпазы айтқандай, біздің еліміздің адамдарына, біздің заманымызға сай бірден-бір жол.

Залда көптеген қонақтар—Қытайдың, Кореяның, Польшаның, Чехословакияның, ГДР-дің. Болгарияның, Венгрияның, Румынияның, Албанияның, Вьетнамның, МХР-дің жазушылары, сол сияқты Англияның, Францияның, Индияның, Югославияның, Австрияның, Голландияның, Финляндияның, Бразилияның, Чилидің, Кубаның, Ливанның, Уругвайдың және басқа елдердің прогресшіл жазушылары.

Съездің ашылуына Москваның фабрикалары мен заводтарының жұмысшылары, ғалымдар, партия қызметкерлері, студенттер, советтік армияның өкілдері болды.

Күндізгі сағат 4. Зал лық толды. Үкмет ложаларына Совет Одағы Коммунистік партиясы мен Совет Үкметінің басшылары—Н. А. Булганин, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, В. М. Молотов, М. Г. Первухин, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев, Н. М. Шверник, П. Н. Поспелов, М. А. Суслов, Н.Н. Шаталин келді. Делегаттар мен қонақтар оларды ұзақ қызу овациямен қарсы алды.

...Съезді ең қарт жазушы Ольга Форш қысқаша сөз сөйлеп ашты. Онь жыйналғандар жылы жүзбен құттықтады. Ол өзінің бірінші сөздерін кемеңгерлік кеңестерімен, совет әдебиетінің өсуіне көп еңбек сіңірген И. В. Сталинді еске түсіруге арнады. Қатысушылар И. В. Сталинді орындарынан тұрып, еске түсірді.

Сол сияқты, съезд совет жазушылары одағын құрушы, оның бірінші съезінің председателі Алексей Максимович Горькийді, көбі ұлы Отан соғысының майдандарында қаза тапқан басқа жазушыларды да орындарынан тұрып еске түсірді.

Өткен 20 жылдың ішінде, дейді Ольга Форш, совет халқы орасан көп даңқты және ерлік істер атқарды. Совет адамдары ұлы Отан соғысының қыйын жылдарында бүкіл дүние жүзі алдында өздерінің ерлігін және біртұтастығын көрсетті, олар соғыстан кейін өз елін қалпына келтіруде де ерлік істер істеді. Осы 20 жылдың ішінде біздің әдебиетіміз де совет халқымен үнемі бір болды, коммунизм орнатудың ортақ ісіне қолдарынан келгенше өз үлесін қосты. Совет әдебиетінің күші мынада: ол мәңгі жасайтын Лениннің үміті мен арманын, Коммунистік партияның еркін білдіруде: ол коммунизм жолындағы күрестің қуатты қаруы бола отырып, халықтың мүддесіне, оның мемлекеттік міндеттеріне қызмет етуде.

Ольга Форш советтік әдебиеттің бейбітшілік жолындағы, халықтардың достығы жолындағы жалынды күрескер екендігін айтты. Империализмнің қаратүнек күштері соңғы уақытта жаңадан қантөгіс соғыс ашу үшін бірігуге тырысуда, олардың жауыздығына біз өз жігерімізді, жарқын болашаққа сенетін адамдардың күшін қарсы қоюға тиістіміз. Бұл істе біздің әдебиетіміз зор роль атқаруға міндетті. Дүние жүзінің бүкіл прогресшіл әдебиеті бізбен бірге. Оның көптеген таңдаулы өкілдері съезде қонақ болып отыр. Ольга Форш совет жазушыларының атынан шетелдік достарды қызу құттықтады.

Қарт делегаттардың тапсыруы бойынша Ольга Форш жазушылардың Бүкілодақтық II съезін ашық деп жариялап председательдік етуді К. Фединге табыс етті.

Сөз Украин жазушысы Олес Гончарга берілді. Украина, Ленинград, Өзбекстан, Грузин, Эстон, Бурят- Монгол делегацияларының атынан ол съездің президиумын 65 адамнан сайлауды ұсынды. Президиум біраузыдан мынадай құрамда сайланды:

И. Абашидзе, Г. Александров (ССРО мәдениет министрі), П. Антокольский, М. Әуезов, М. Бажан, Г. Баширов, П. Бровка, В. Василевская, А. Венцлова, С. Вургун, В. Виноградов, (академик), Р. Гамзатов, С. Герасимов, Ф. Гладков, Ш. Дадиани, В. Ермилов, Н. Зарьян, С. Зорян, К. Зубов, (ССРО халық артисі), Т. Зуева (РСФСР мәдениет министрі), М. Ибрагимов, М. Исаковский, И. Каиров, (РСФСР оқу министрі), В. Катаев, А. Каххар, Б. Кербабаев, А. Корнейчук, К. Крапива, Я. Колас, В. Лацис, А. Лахути, Л. Леонов, Ю. Лебединский, А. Лупан, С. Маршак, Ғ. Мұстафин, А. Несмеянов, (ССРО Ғылым академиясының президенті), Г. Николаева, В. Овечкин, В. Панова, Н. Погодин, Б. Полевой, Г. Поликарпов (СОКП Москва қалалық комитетінің секретары), А. Прокопьев, Я. Ругоев, М. Рыльский, А. Румянцев (СОКП Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі), Б. Рюриков, К. Симонов, А. Сурков, А. Тарасова, (ССРО халық артисткасы), А. Твардовский, Н. Тихонов, А. Тәкембаев, М. Тұрсын-Заде, П. Тычина, А. Фадеев, К. Федин, О. Форш, Т. Хренников (Совет композиторлары одағының бас секретары), А. Шелепин (БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары), Д. Шепилов («Правда» газетінің бас редакторы), Ю. Шмуул, М. Шолохов, И. Эренбург.

Белоруссия, Москва, Литва, Тәжікстан және Башқұртстан делегацияларының атынан Белорусс жазушысы Петрусь Бровка съездің құрметті президиумына СОКП Орталық Комитеті президиумының мүшелері —Н. А. Булганин, К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, В. М. Молотов, М. Г. Первухин, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев жолдастарды сайлауды ұсынды. Бұл ұсыныс ду қолшапалақтаумен қарсы алынды, жұрттың бәрі орындарынан тұрды.

Съездің жұмысшы органдары: секретариат, мандат және редакциялық комиссиялары, сол сияқты ССРО Совет Жазушылары Одағы — уставының жобасы жөніндегі редакциялық комиссия сайланды.

Съезд мынадай күн тәртібін бекітті:

1. Баяндама—«Совет әдебиетінің жайы мен міндеттері» (А. Сурков).

Қосымша баяндамалар:

а) «Советтік көркем проза» (К. Симонов);

б) «Советтік поэзия» (С. Вургун);

в) «Советтік драматургия» (А. Корнейчук);

г) «Советтік кинодраматургия» (С. Герасимов);

д) «Балалар мен жасөспірімдерге арналған советтік әдебиет» (Б. Полевой).

е) «Советтік әдебиет сынының негізгі проблемалары» (Б. Рюриков);

ж) «ССРО халықтары әдебиеттерінің көркем аудармалары» (П. Антокольский, М. Әуезов, М. Рыльский).

2. Баяндама —«Дүние жүзінің қазіргі прогресшіл әдебиеті» (Н. Тихонов);

3. ССРО Совет Жазушылар Одағының тексеру комиссиясының баяндамасы (Ю. Лебединский);

4. Совет Жазушылары Одағы басқармасы комиссиясының «Совет Жазушылары Одағының уставына өзгерістер енгізу туралы» хабары (Л. Леонов);

5. ССРО Совет Жазушылары Одағының басшы органдарын сайлау.

Председательдік етуші СОКП Орталық Комитетінің жазушылардың Бүкілодақтық II съезіне құттықтауын жариялау үшін СОКП Орталық Комитетінің секретары П .Н. Поспелов жолдасқа сөз берді. Съезге қатысушылар оны ұзақ қолшапалақтап қарсы алды. Қатысушылардың бәрі құттықтаудың сөздерін зор ықласпен тыңдап, оны әлсін- әлсін қызу қолшапалақтап бөліп кетіп отырды.

Съезд өзінің күн тәртібінің бірінші пунктіне көшті. Совет әдебиетінің жайы мен міндеттері туралы баяндама жасау үшін сөз А. Сурковқа берілді. (СОТА).

## Солтүстік Қазақстан облысы бойынша халық соттарын сайлаудың қорытындылары туралы

*Еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақста н облыстық Советі атқару комитетінің хабары*

1954 жылғы 12 декабрьде Солтүстік Қазақстан облысының барлық сайлау округтерінде халық соттарының сайлауы болды.

Еңбекшілер депутаттары аудандық совет атқару комитеттерінің мәліметі негізінде еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің атқару комитеті мынаны анықтады:

Облыс халық соттарының сайлауына сайлаушылардың 100 проценті дауыс беруге қатысты.

Халық судьялығына кандидаттарға дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы санының 99,51 проценті, халық заседательдігіне кандидаттарға берілген дауыс 99,99 проценті болды.

Сайлаулар барлық сайлау округтерінде болды.

Барлығы 20 адам халық судьялығына. 1485 адам халық заседательдігіне сайланды.

Барлық сайланған халық судьялары мен халық заседательдері коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары болып саналады.

Сайланған халық судьялары мен халық заседательдерінің ішінде: әйелдер 43,92 процент, СОКП мүшесі және кандидаты 46,31 процент, партияда жоқтары 53,69 процент.

Халық судьялары мен халық заседательдерінің сайлауы еңбекшілердің зор саяси белсенділігі және бірауыздылығы жағдайында өтті.

## ХАЛЫҚ АҒАРТУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КЕҢЕСІ

Бұрнағы күні облыстық Совет аткомінің мәжліс залында облысымыздың халық ағарту қызметкерлерінің кеңесі басталды. Кеңеске орта, жетіжылдық мектептер мен балалар үйлерінің директорлары, аудандық оқу бөлімдерінің меңгерушілері, ҚКП аудандық комитетінің секретарьлары және аудандық Совет аткомі председательдерінің орынбасарлары қатысты.

Кеңесте 1 тоқсандағы мектеп жұмыстарының қорытындысы және жаңа оқу жоспары мен жаңа оқу программасының енгізілуіне байланысты міндеттер жөнінде облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі А. Щербаков, облыс мектептерінің ішкі жұмыстарын тексерудің жайы туралы облыстық оқу бөлімінің инспекторы С. Шевченко жолдастар баяндамалар жасады. Ал еңбек тәрбиесі, политехникалық оқу, оқу-тәжрибе участогі, жаңа совхоздардағы мектептердің ұйымдастыру жұмыстары жөнінде Ленин ауданындағы Петровка жетіжылдық мектебінің директоры Леванов, қаладағы № 1 жетіжылдық мектептің директоры Горинова, № 7 орта мектептің биология пәнінің мұғалімі Степанов, Булаев аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Пищур жолдастар баяндамалар жасады.

# МТС және ММШС директорларының республикалық кеңесі

## 13 декабрьдегі мәжіліс

13 декабрьде Казақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында Казакстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі шақырған МТС және ММШС директорларының «МТС -тердің 1954 жылдағы жұмыстарының қорытындылары және 1955 жылда республиканың колхоздарында егіннің шығымдылығын және ауылшаруашылық дақылдарының мәдениетін, мал шаруашылығының өнімтілігін онан әрі арттыру жөніндегі міндеттер туралы» мәселе жөнінде республикалық кеңес ашылды. Кеңеске ауыл шаруашылығының мамандары, ғылми қызметкерлер, трактор бригадаларының бригадирлері, аудандық партия комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі секретарьлары, партия, совет және ауылшаруашылық органдарының басшылары қатысып отыр.

Кеңесті Казакстан КП Орталық Комитетінің секретары **Л.И. Брежнев** жолдас ашты.

Кеңеске қатысушылар ду қолшапалақтау үстінде СОКП Орталық Комитеті Президиумының құрамы: **Н. А. Булганинді, К. Е. Ворошиловты, Л. М. Кагановичті, Г. М. Маленковты, А. И. Микоянды, В. М. Молотовты, М. Г. Первухинді, М. З. Сабуровты, Н. С. Хрущевті** құрметті президиумға сайлады.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығының министрі **Г. А. Мельник** жолдасқа баяндама жасау үшін сөз берілді.

—1954 жыл, —деді баяндамашы, — біздің еліміздегі коммунистік құрылыстың тарихына совет халқының Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, совет халқының материалдық әл- ауқатын онан әрі арттыру жөніндегі аса маңызды қарарларын жүзеге асыру жолындағы Совет халқының зор және жемісті жұмыстарының жылы ретінде енеді.

Астық өндірісін ұлғайту ісіне Казақстанның ауыл шаруашылығы еңбекшілері зор үлес қосты. Республиканың колхоздары мен совхоздары мемлекетке 232,1 миллион пұт астық тапсырды және сатты, бұл өткен жылғыдан 109 миллион пұт артық. Астық өндірудің және дайындаудың анағұрлым артуы тың және тынайған жерлерді игерудің және егін шығымдылығының артуының нәтижесі. Егер соңғы 13 жылда республиканың колхоздарында егістің жалпы көлемі небары бір миллион 965 мың гектар ғана артса, 1954—1955 жылдары ол 5 миллион 603 мың гектар ұлғайып, 1955 жылда 13 миллион 270 мың гектар болмақ.

Партия мен үкметтің үстіміздегі жылы жаңа жерлерді игеру жөніндегі тапсырмасы анағұрлым асыра орындалды. Казақстанның МТС-тері мен совхоздарында 5 миллион 578 мың 300 гектар тың және тыңайған жерлер жыртылып, және тоғыспалы әдістері және агротехниканың басқа да прогрессивтік әдістері нашар енгізілді және қанағаттанғысыз қолданылып отыр. Егіс алдында топырақты нашар өңдеу, жұқа жырту, жал қалдырып жырту, сапасыз тұқым себу, тұқымды тайыз сіңіру, тұқым себу нормасын бұрмалау, егістің мерзімін ұзаққа созу сияқты агротехникалық шараларды бұрмалау фактілері орын алды.

Ауылшаруашылық органдарының, МТС директорлары мен мамандарының міндеті жұмыстағы бұл және басқа кемшіліктерді жою, МТС-тердің жұмысын жақсарту, егіс даласының шығымдылығын арттыру жолындағы күресте олардың ұйымдастырушылық ролін көтеру, агротехниканың озат тәсілдерін енгізуді қамтамасыз ету, трактор паркінің жұмысын жақсарту, дала жұмыстарының сапасын үздік арттыру және 1955 жылы республиканың барлық колхоздарында мол өнім алу болып табылады.

Мұнан кейін Г. А. Мельник жолдас Казақстанның колхоздарындағы мал шаруашылығының жайына талдау жасады. Колхоздарда мал шаруашылығын өркендету үшін, олардың бұл міндетті ойдағыдай орындауы үшін барлық жағдай жасаудың жауапкершілігі МТС- тер мен ММШС-терге толық жүктелген. Машина-трактор және машина- мал шаруашылығы станцияларына тікелей колхоздарда жұмыс істеу үшін 4500-ге жуық зоотехникалық және малдәрігерлік қызметкерлер жіберілді. Станциялар мал азығын дайындау және мал шаруашылығының басқа да жұмыстарының процестерін механикаландыру үшін көптеген жаңа техникамен жабдықталды. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталылығын арттыру жөнінде елеулі шаралар жүзеге асырылды.

Алайда, мал басын арттыру жөніндегі мемлекеттік жоспар 1954 жылы орындалмады. Қой және сиыр малы басының кемуіне жол берілді. Мал басының төл есебінен өсу көрсеткішінің төмен болуы аналық малдардың қысыр қалуынан және іш тастауларынан, малдың орынсыз көп шығын болуынан болып отыр. Сауын сиырларды өсіру жайы тәзгісіз. Республиканың колхоздарында мемлекеттік жоспар бойынша 1954 жылдың 1 октябрінде 750 мың сауын сиырлар болуға тиіс еді. Іс жүзінде небары 669,8 мың ғана сауын сиырлар болды. Колхоздарда бірнеше жылдар бойы сүт саудың және жүн қырқудың көрсеткіштері өте төмен болып келеді. Малды жайып бағу канағаттанғысыз ұйымдастырылған. Осының салдарынан мемлекетке ет тапсыру және сату жоспары небары 88 процент, ал сүт —78,4 процент ғана орындалып отыр.

Мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттырудағы тәзгісіз жағдайды мынамен түсіндіруге болады: ды. МТС директорларының 53 процентінің жоғары дәрежелі білімдері бар, бұл 1953 жылдың 1 сентябріндегіден үш есе артық. Станциялардың 545 бас инженерлерінің ішінде 344 адамның жоғары дәрежелі білімі бар. Бұл 1953 жылдың 1 сентябріндегіден сегіз есе артық. 302 бас агрономдардың жоғары дәрежелі білімдері бар. Механизатор кадрларының тұрақты құрамы жасалды. Кәзір олардың қатары 146 мың адамға жуық. Ал 1953 жылы небары 23 мың адам ғана еді.

Осы зор көмекке сүйене отырып, республиканың МТС-тері өздерінің жұмысын біраз жақсартты. Олар 1954 жылдың 1 декабріне дейін 34,4 миллион гектар жерде жұмыс жүргізіп, трактор жұмыстарының жоспарын 105,8 процент орындады. 1953 жылға қарағанда, МТС-тер мен ММШС-тер 17,3 миллион гектар жұмысты артық жүргізді. 15 аттың күші бар әрбір тракторммен 580 гектар жер жұмысталды, жоспардан тыс 32 гектар және өткен жылға қарағанда 55 гектар жер артық жұмысталды.

Алайда, машина- трактор және машина - малшаруашылық станцияларының жұмысында әлі де болса үлкен кемшіліктер бар. Бірқатар МТС-терде тракторлар мен машиналардың жұмыс өнімділігі төмен. Бірқатар тракторшылар сменалық нормаларын орындамайды, олар қамтитын колхоздарда дәнді және техникалық дақылдар егісінің шығымдылығы төмен. Жөндеу жұмыстарының нашар және техникалық күтімнің нашар жасалуы себепті тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарының бос тұруларына әкеп. Көптеген МТС-тер колхоздармен жасасқан шарттарында қабылдаған міндеттемелерін жеке жұмыстың түрлері, сондай-ақ ол жұмыстардың мерзімі жөнінде орындай алмай келеді. Бірқатар МТС-тер мен ММШС-терде техникаға ұқыпсыз қарау, иесіздік орын алған. МТС-тердің финанс жұмысы тәртіпке қойылмаған. Олардың бірқатары мемлекеттік қаржыны үнемдеп жұмсамайды, трактор жұмыстарының өзіндік құнын кеміту, колхоздарда өндірілген астықтың және басқа ауылшаруашылық өнімдерінің бағасын кеміту үшін қамқорлық жасамайды.

МТС-тер мен ММШС- тердің жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі олардың колхоздарда жүргізген жұмыстары үшін мемлекетке заттай ақы төлеу жоспарының орындалуының қанағаттанғысыз болуында болып табылады. Колхоздарда жүргізілген жұмыстар үшін ақшалай ақы төлеу жоспарының орындалуы қанағаттанғысыз.

Баяндамашы МТС-тердің өндірістік базаларын нығайту және пәтер үй құрылыстарын кеңінен өрістету мәселелеріне толық тоқталды. Ол МТС мамандарының ғылым мен озаттар тәжрибелерінің табыстарын жинақтауда және оны колхоз өндірісіне енгізудегі рольдерін арттыру және механизаторлар кадрларын жаппай

Мұнан кейін Г. А. Мельниктің баяндамасы бойынша жарыссөз басталды. Акмола облысы Калинин МТС-нің директоры **Трофимов** жолдас сөз алды. Ол станцияның трактор жұмыстарының жылдық жоспарын 118 процент орындағанын айтты. Жаңа жерлерді игеру жөніндегі тапсырма біржарым есеге жуық асыра орындалды. Механизаторлардың еңбегіне жоғары ақы төленді. Мәселен, трактор бригадасының бригадирі Нособольский жолдас комбайншы әйелімен бірге 10 тоннадан астам астық және 42 мың сом ақша алды.

Калинин МТС-і қамтитын колхозда дәнді дақылдардың әрбір гектарынан алынған өнім 11 центнерден айналды, ал, тың жерлердегі егістің орта шығымы 13 центнерге жетті, қоғамдық табыс анағұрлым өсті. Өткен жылы аймақта үш-ақ колхоз ғана миллионер еді. Ал быйыл барлық 9 ауылшаруашылық артельдері біржарым миллионнан үш миллион сомға дейін табыс алып отыр.

Трофимов жолдас машина-трактор паркін жөндеу мәселелеріне тоқталды. Ол запас бөлшектер мен құрал-жабдықтарды кезінде жеткізуді қамтамасыз ете алмай отырған, станцияның қажетімен жете санаспайтын жабдықтау ұйымдарын сынады.

Көптеген МТС-терде штаттан артық адамдардың жұмыс істеуі орын алып келеді. Біздің станцияда, деді шешен, тың игеру жөнінде төрт отряд құру жоспарланды. Біз жұмысты оларсыз-ақ орындадық және нәтижесі жаман болған жоқ: тың жерлерді игеру жөніндегі жоспар 145 процент орындалды.

Мінбеде Павлодар облысы Чигириновск МТС-нің директоры **Попов** жолдас.

—Біздің МТС аймағының колхоздары, —деді,—ол,—Павлодар облысының даласы, қуаң жазықтығына орналасқан. Бұрын сұртопырақты даладағы егістен жақсы өнім алуға болмайды деп есептеліп келді. Бұл пікірді практика жоққа шығарды. Егер мұндай жер дұрыс және уақытында жұмысталса, агротехниканың барлық комплектісін қолдана отырып, жоғары сортты тұқым себілсе, онда қай жылы болсын жоғары өнім алуға болады. Быйылғы жыл өзінің ауа райлары жағдайлары жағынан, Павлодар облысында онша қолайлы болмады. Осыған қарамастан, станцияның қамтуындағы колхоздарда дәнді дақылдардың шығымдылығы әрбір гектардан 13,8 центнерге жетті. Ауылшаруашылық артельдері мемлекетке бір миллион 200 мың пұтқа жуық астық тапсырды және сатты. Мұның басым көпшілігі бидай мен тары.

Бұл жөнінде механизаторлар егіншілерге елеулі көмек көрсетті. Трактор жұмыстарының жылдық жоспары 135 процент орындалды. Жұмысталған жердің өзіндік құны жоспардағыдан төмен болды. 1954 жылдағы жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін 63 механизатор Бүдегі егістің әрбір гектарынан 100 және онан да артық пұт астық алынды. Облыс бойынша тұтас алғанда, егіннің шығымдылығын арттыру жөніндегі жоспар біраз асыра орындалды. Шешен шаршы-ұялап егудің және отырғызудың артықшылығын сипаттайтын мысалдар келтірді. Шаршы-ұялы әдісімен себілген күнбағыс егісінің бір гектарын жұмыстауға Новo-Покров ауданы, Молотов атындағы колхоз 5,3 еңбеккүн жұмсады, ал кеңқатарлы әдіспен себілген бір гектарды күтуге 15 еңбеккүн жұмсады. Алайда, мұндағы өнім анағұрлым төмен болды.

Фурсов жолдас облыс МТС-терінің 12 машина мелиоративтік отрядтары быйыл 218 мың шаршыметр жер жұмысын жүргізгенін, ал бір машина мелиоративтік станция аз техникамен бір миллион 300 мың шаршыметр жер жұмысын жүргізгенін айтты. Шешен машина-мелиоративтік отрядтарды қысқартып, олардың базаларының негізінде ірі машина-мелиоративтік станциялар құруды дұрыс деп санайды.

Мұнан кейін сөз сөйлеген Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, «Красная звезда» колхозының председателі **Алатаев** жолдас кеңеске қатысушыларды осы ауылшаруашылық артелінің қызылша өсірушілерінің қант қызылшасынан мол өнім алу жөніндегі тәсілдерімен таныстырды.

Шортанды тәжрибе станциясының директоры **Голубев** жолдас Т. С. Мальцев ұсынған топырақты өңдеу әдістерін енгізу мәселелеріне тоқталды. Топырақ өңдеудің жаңа әдісі біздің колхоздарымызда жергілікті жерлердегі жағдайларды еске ала отырып, творчестволықпен қолданылуға тиіс. Жаңа агротехниканың міндетті бір шарты—жердің қыртысын аудармай терең жырту болып табылады. Өйткені бұл егістік жерді парға өңдеу кезінде арам шөптерді толық жоюға мүмкіндік береді. Тек осыдан кейін ғана сыдырма жыртылған жерлерге дәнді дақылдарды себуді жүргізуге болады. Сонымен қатар дәнді дақылдарды ең ерте мерзімдерде сеуіп, бұл жұмысты 10—15 майға дейін аяқтау қажет. Шортанды станциясының тәжрибесі топырақты былай өңдеу мол өнім алуға, жердің құнарлылығын сақтауға мүмкіндік беретіндігін көрсетті.

Бірінші мәжілістің қорытындысында Солтүстік Қазақстан облысы Суворов МТС-нің директоры **Верткин** және ауыл шаруашылығы және дайындау қызметкерлері кәсіподақтарының республикалық комитетінің председателі **Шурин** жолдастар сөз сөйледі.

Кеңес өзінің жұмысын онан әрі жүргізуде.

* * *

14 декабрьде Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында МТС-тер мен ММШС директорларының республикалық кеңесінің екінші мәжілісі болды. Қазақ ССР ауыл дығын атап көрсетті. Станция аймағындағы колхоздар үстіміздегі жылы мемлекет қамбаларына астықты өткен жылмен салыстырғанда жарты миллион артық құйды. «Авангард» МТС-нің қамтуындағы барлық ауылшаруашылық артельдері миллионерлер болды. Мемлекет көрсеткен зор көмекке сүйене отырып, механизаторлар мен колхозшылар алдағы жылғы мол өнімнің берік негізін қалады. 66 мың гектар пар мен зябь дайындалды. Дәнді дақылдар егісінің үштен екісінен астамы жаңа жерлерге себіледі. Колхоз ғалымы Т. С. Мальцев ұсынған агротехника өндіріске енгізілуде. Мальцевтің әдісі мен 8,5 мың гектар жер өңделді. Қысқы ылғалды жинау үшін едәуір алаңға кұлтырма егілді.

Копкин жолдас шешілуі МТС жұмысын жақсартуға мүмкіндік беретін бірқатар мәселелерге тоқталды. Ол электр күші шаруашылығының қуатын арттыру МТС-терді қосалқы бөлшектермен және құрылыс материалдарымен жабдықтауды жақсартудың қажет екендігін айтты:

Көкшетау облысы, Тахтабродск МТС-нің трактор бригадасының бригадирі **Симоненко** жолдас жаңа жерлерді игеру тәжрибесімен алмасты. Бұл бригаданың құрамына Көкшетау облысына Краснодар өлкесінен келген механизаторлар кірді. Бригада Куйбышев атындағы колхозда жұмыс істеді. Көктемгі егісті табысты өткізуге жеткен Краснодар механизаторлары пар жыртуға кірісіп, белгіленген тапсырманы біржарым есе дерлік артық орындады. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, бригада мол өнімді уақытылы және ысырапсыз жинады.

Кәзір бұл озат коллектив еңбегінің қорытындылары шығарылды. Жылдық өндірістік тапсырманы бригада 155 процент орындады. Әрбір 15 аттың күші бар трактормен жұмысталған жер 1500 гектарға жетті. 19 тоннадан астам жанар май үнемделді. Трактор жұмыстарының өзіндік құнын кемітудің нәтижесінде 74 мың сомнан астам қаржы үнемделді.

—Біз,— дейді Симоненко жолдас, — қол жеткенмен тоқталуға тиіс емеспіз. Келесі жылы бүкіл егіс көлемінен 120 пұт өнім алып, шартты трактормен істелетін жұмысты ұлғайтуға сөз береміз.

—Мақта —еңбекті көп керек ететін дақыл, —деп мәлімдеді Оңтүстік Казақстан облысы, Ирджар МТС-нің директоры **Тореханов** жолдас.—Еңбекті керек етуі жағынан мақтаның бір гектарын, шамамен, дәнді дақылдардың 35 гектарына теңеуге болады. Әсресе мақта жинау еңбекті көп жұмсауды қажет етеді. Сондықтан біз быйыл негізгі назарды бұл операцияны механикаландыруға аудардық. Машинамен 2600 тонна мақта жиналды, бұл жалпы өнімнің 23,5 процентіне тең. Әрине, бұл әлі тым шағын нәтижелер. Біз мақта жинауды механикаландыруды 70 -80 процентке дейін

тар асыра орындалды. Бұл жерлердің 1 миллион 237 мың 200 гектарына көктемде егін егілді, бұл белгіленген жоспардан екі есе артық. Тың жер игеру жоспары берілмеген Шығыс Қазақстан Семей, Жамбыл, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан және Алматы облыстарының МТС-тері мен колхоздары 463,1 мың гектар жер жыртты.

Партия мен үкімет Қазақстанға зор көмек көрсетті. Республиканың МТС-тері 15 аттың күші бар тракторға айналдырғанда 39 мың тракторлар, 1462? бес корпусты плугтер, 11 мыңға жуық астық және дәнді шөп дақылдарының сеялкаларын, 47548 тырма, онжарым мыңнан астам комбайндар, 7500-ден астам түрлі автомашиналар, басқа да көптеген ауылшаруашылық машиналар мен құрал-жабдықтар алды. Осының нәтижесінде республика МТС-терінің трактор паркі 67,5 процент, ал тың және тыңайған жерлерді игеретін МТС-терде трактор паркінің қуаты екі есе артты.

Партияның шақыруы бойынша еліміздің барлық түкпірлерінен республикаға 30 мың мамандар мен маман механизаторлар келді, олардың ішінде — 1904 агроном, 521 инженер-механизатор, 21 мыңнан астам трактористер, комбайншылар, трактор бригадаларының бригадирлері және басқа механизатор кадрлары бар.

Қазақстанның колхоздарына егін жыйнауда да зор көмек көрсетілді. Еліміздің бірқатар облыстарынан егін жыйнауға 6500 комбайншылар, оның ішінде 5500 комбайншы өздерінің комбайндарымен, 5800 шоферлар автомашиналарымен келді. Егіс даласында Украинаның 40 мыңнан астам және Сталинградтың 2500 колхозшылары жұмыс істеді. Колхоздарға өнеркәсіп орындарының, мекемелердің және ұйымдардың жұмысшылары мен қызметшілері, студенттер мен оқушылар үлкен көмек көрсетті.

Қазір міндет жаңа жерлерді онан әрі игеру үшін тыңғылықты әзірленуде болып отыр. 1955 жылы 1956 жылдың егісі үшін игерілетін 9 миллион тың және тыңайған жерлердің үшжарым миллион гектарын колхоздар игеруге тиіс.

Мұнан әрі баяндамашы республиканың колхоздары мен МТС-терінің ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру жөніндегі міндеттеріне толық тоқталды. Ол егіннің шығымдылығын дәнді және басқа да ауылшаруашылық дақылдарының жалпы өнімін арттыруда тарқатарлы және тоғыспалы егісті енгізуде, картопты, овощьты, жүгеріні және күнбағысты шаршы-ұялап отырғызуда, бактериялық өңдегіштермен өңделген егісті енгізуде қолжеткен біраз табыстар туралы айтты.

Сонымен қатар машина-трактор станцияларының, колхоздардың жұмысында әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Күріш, малазығындық дәнді дақылдар, малазығындық қызылша, картоп, темекі, кендір, зығыр, кенаф, күнжіт егістерінің жоспарлары орындалмады. Республиканың колхоздары мен МТС-терінің көпшілігінде дәнді дақылдар егісінің тарқатарлы [...]дақылдарымен мал азығын өндіру және оны дайындау көп артта қалып қойды. Үстіміздегі жылы 135 мың гектар біржылдық шөп, 47,5 мың гектар көпжылдық шөп, сүрленетін шөп дақылдары егілді, бұл өткен жылғыдан 90 мың гектар артық және 1953 жылға қарағанда 86? мың тонна шөп, 193 мың тонна сабан және 230 мың тонна сүрленген шөп артық дайындалды. Алайда республика бойынша тұтас алғанда мал азығының өндіру және оны дайындау ісінің жайы әлі де болса қанағаттанғысыз болып отыр. 600 мың гектарға жуық шабылған шөп жыйналмай қалды. Бірқатар егістік алаңның сабаны жыйналмады.

Бұдан әрі Г. А. Мельник МТС-тер мен ММШС-тердің далалық мал азығын өндіруді өркендетудегі, табиғи шабындықтардан шөп дайындаудағы зор жауапкершілігі туралы айтты. Үстіміздегі жылы жүгері егісін сүрленген шөпке пайдалану жөнінде республиканың Солтүстік-Шығыс облыстарында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Бұл іске ұқыпты қарап, малазығындық дақылдардың маңызды түрі ретінде жүгерінің маңызын түсінген жерде жақсы нәтижелер болды.

Республиканың бірқатар колхоздары мен совхоздары көлдетіп суару, үстеп шөптер егу, тыңайтқыш заттарды себу жолымен шабындықтардың шығымдылығын арттыру үшін қолда бар мүмкіншіліктерді толық пайдаланбай отыр.

Республиканың колхоздарының көпшілігі мал қораларымен мүлде жеткіліксіз қамтамасыз етілген. Екі миллионға жуық қой қорада күтілмейді, ал қолда бар қоралардың бірқатар бөлегі, әсересе алыстағы мал жайылымдарындағы қоралар жабайы түрде уақытша салынған. Үстіміздегі жылы мал қораларының құрылысы жөніндегі жоспар небары 44,3 процент, бұзау қоралары —60,6 процент, қой қоралары —36 процент, шошқа тұратын үйлер —86,8 процент, құс қоралары—51,9 процент, ат қоралары—69,3 процент ғана орындалды. Мал үшін қамыстан қора салу құрылысы мүлдем баяу жүргізілуде. Фермалардағы еңбекті механикаландыру ісі нашар.

МТС-тер мен ММШС-тердің мал шаруашылығын өркендету мәселелеріне көзқарасы батыл өзгеріп, қоғамдық мал шаруашылығының жемшөп базасын нығайту, барлық малды жемшөппен жеткілікті қамтамасыз ету, мал күтімін жақсарту, жемшөп өндіруде және фермалардағы еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландырудың дәрежесін арттыру, қоғамдық мал үшін жақсы қоралар салу, сөйтіп 1955 жылдың өзінде республиканың әрбір колхозының қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жоспарды орындауына бағытталған шұғыл шаралар қолдану қажет.

Г. А. Мельник жолдас бұдан кейін машина-трактор және машина-малшаруашылық станцияларының ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруда және мал шаруашылығын өркендетуде шешуші роль атқаратынына тоқталды. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін МТС-тер мен ММШС-тердің басшылары мен мамандарының құрамында үлкен өзгерістер бол[...] [...] туралы айтты.

Баяндамада көктемгі егіске әзірлік және мал қыстату маусымын ұйымдастыру мәселелеріне көп көңіл бөлінді. Республиканың МТС-тері мен ММШС-терінің көпшілігінде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу қанағаттанғысыз болып отыр. 10 декабрьге дейін жөндеу жұмыстарының тоқсандық жоспары небары 53,9-ақ процент орындалды. 59 МТС-тер мен ММШС-терде екі ай бойы бірде-бір трактор жөндеуден шығарылмады. Осы сияқты, ауылшаруашылық машиналарын жөндеу де өте баяу жүргізіліп келеді.

Жөндеу жұмыстары қарқынының төмен болуының себебі мынада: бірқатар МТС-терде жөндеу жұмыстары нашар ұйымдастырылған. Бұл жұмысқа жөндеу кадрлары қажетті мөлшерде қатыстырылмай отыр, станоктар мен құрал-жабдықтар толық пайдаланылмайды, жұмысшыларға өндірістік және тұрмыстық жағдайлар жасалмаған.

Көктемгі егістің маңызды мәселелерінің бірі колхоздарды барлық ауылшаруашылық дақылдарының жоғары сапалы тұқымдарымен қамтамасыз ету болып табылады. Тұқымды қажетті мөлшерде толық құю және оны егістік сапаға жеткізу жөнінде мүмкіндіктің толық бар екендігіне қарамастан, кейбір облыстарда бұл жұмыс қанағаттанғысыз жүргізіліп отыр. Сортты тұқымдардың бірқатары жетпейді, қатты бидайдың тұқымы жеткіліксіз құйылған. Тұқымды тазалау және сорттау, майлы дақылдардың, көпжылдық және біржылдық шөптің, картоптың, овощьтың тұқымын құю жұмыстары нашар ұйымдастырылған.

Колхоздарда теплица құрылысы, парник шаруашылықтарын кеңейту жұмыстары қанағаттанғысыз жүргізілуде.

Баяндамашы кеңеске қатысушылардың назарын биыл аса зор маңызы болып отырған қар тоқтату мәселесіне аударды. Трактор қаржыртқыштарымен кең көлемде қар тоқтату жұмыстарын жүргізу 1955 жылы барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол өнім алу жолындағы күресте маңызды шаралардың бірі болып табылады. Егістік алаңдарға ылғал жыйнау, жергілікті тыңайтқыш заттарды тасу, минералдық тыңайтқыштарды тасу жөнінде көп жұмыстар істелуге тиіс.

Мал қыстатуды ойдағыдай өткізу үшін бұл іске барлық колхозшыларды, мамандарды, МТС басшыларын қатыстырып, мал азығын дайындауға немкетті қарауды батыл жою керек.

Баяндаманың қорытындысында Г. А. Мельник былай дейді:

—Республикада зор және күрделі міндеттерді шешу, ауыл-шаруашылық өнімдерінің барлық түрлерін өндіруде Қазақстанның арасалмағын онан әрі арттыру үшін күш-құралдар жеткілікті. Қазақстанда бұрын пайдаланылмай келген резервтер қазір бүкіл еліміздің мақсатына қызмет етуге жұмылдырылуда. Алда өткеруді қажет ететін үлкен қыйыншылықтар тұр. Механизаторлар мен колхозшылардың өздеріне жүктелген міндетті аброймен орындау үшін барлық күштерін жұмсайтынына күмәндануға болмайды.

[...] ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға ұсынылды.

Шығыс Қазақстан облысы Убинск МТС-нің директоры **Литовченко** жолдас биыл станция колхоздарда жұмыстың 57 түрін орындағанын айтты. Механизаторлар өздері жұмыс істейтін төрт ауылшаруашылық артелінің колхозшыларымен бірлесе отырып, көктемгі егісті өткізу мерзімін өткен жылға қарағанда екі есе қысқартты. Егіс даласын өңдеудің мәдениеті артты. Қар тоқтату жоспары біржарым есе артық орындалды. Дайындалған зябьке тазаланған тұқым себілді.

Бұл және егінді күту жөнінде жүргізілген көптеген шаралар егіннің шығымдылығына қолайлы жағдай туғызды. Станция аймағы колхоздарының барлық егіс көлемінің әрбір гектарынан 17,3 центнерден астық алынды, ал Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінде астықтың орташа шығымдылығы бір гектардан 19,2 центнерге жетті. Тың және бұрыннан тыңайып жатқан жерлердегі егіннің әрбір гектарынан орта есеппен 24,6 центнерден өнім жыйналды. Убинск МТС-і аймағының колхоздары мемлекет қамбасына астықты өткен жылы барлық егіс көлемінен алынған өнімнен екі есе артық құйды.

Литовченко жолдас ауыл шаруашылығында жоспарлауды жақсарту жөнінде өзінің пікірін айтты. Мәселен, ол МТС-тің жұмысын осы уақытқа дейін қолданылып келген шартты жырту гектарына қарай емес, жылдық өнім бойынша, әрбір гектардан алынған—астықтың, сүттің, еттің центнеріне қарай жоспарлап есептеуді ұсынды.

Көкшетау облысы Грачевск МТС-нің директоры **Өмішев** жолдас станцияның қажетіне тыңғылықты назар аудармағаны үшін ауылшаруашылық министрінің басшыларын сынады. Көкшетау облысында өзендер көп. Алайда колхозаралық электр станциялары салынбай отыр. Электр қуатын өндіріске енгізу бүкіл жұмысты көп жеңілдеткен болар еді. Тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарда астық қоймаларының, жабық қырмандардың құрылысын кеңінен жүргізу сияқты маңызды шаралар жөнінде аз қамқорлық жасалып отыр.

Өмішев жолдас кеңесті Грачевск МТС-і коллективі өздерінің алдына қойылған міндетті аброймен орындап, қамтуындағы колхоздарға барлық егіс көлемінің әрбір гектарынан 16—17 центнерден астық өсіруіне көмектесетініне сендірді.

Қостанай облысы Тобольск МТС-нің директоры **Токарев** жолдас ауылшаруашылық дақылдарының жоғары шығымдылығына жетісу тәжрибесімен ауысты, коллективтің мал шаруашылығын өркендету жөнінде жүзеге асырып отырған шаралары туралы айтты. Жабайы мал азығы жоспардан 25 процент артық дайындалды. МТС мал қораларын салу үшін қамыс дайындау жұмысын механикаландырды.

Біздің колхоздар өздерінің инициативасы бойынша, деп хабарлады, Семей облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы **Фурсов** жолдас, 170 мың гектар тың игерді, оның 65 мың гектарына көктемде егін салды. Жаңа жерлер[...]

[...] шаруашылығы министрі Г. А. Мельник жолдастың баяндамасын онан әрі талқылау жүргізілді.

Жарыссөзде республика ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары **Диаров** жолдас бірінші болып сөз сөйледі. Ол өзінің сөзін қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету мәселелеріне және машина-трактор, машина-малшаруашылық станцияларының міндеттеріне арнады. Алматы облысы, Ұзынағаш МТС-нің Оңтүстік Қазақстан облысы, Тұғайлы? МТС-нің, Жамбыл облысының Фурманов және Красногорск МТС-терінің тәжрибесінен мысал келтіре отырып, шешен республикада мал шаруашылығының артта қалуының басты бір себебі бірқатар МТС-тер директорларының ауыл шаруашылығының мұндай маңызды саласының жайына үнемі назар аудармаушылығы болып табылады деген қорытындыға келді. МТС-тердің көптеген мамандары —зоотехниктер мен мал дәрігерлері өздерінің міндеттерін нашар атқарып келеді. Бұл МТС басшылары тарапынан олардың жұмысына нақтылы бақылаудың жоқтығынан болып отыр. МТС директорларының колхоз өндірісіндегі мал шаруашылығы мамандарының ролін төмендеткендігі жөнінде көптеген фактілер бар екені мәлім.

Шешен тың және тыңайған жерлер игеретін аудандарда мал шаруашылығын өркендетудің перспективаларына толық тоқталды. Қазақстанның Солтүстік-Шығыс облыстарында, деді ол, мүйізді ірі қарамал басын көбірек, ал Оңтүстік-Батыс және Оңтүстік-Шығыс облыстарда—қой шаруашылығын көбірек өсіруді қарастырған жөн.

Павлодар облысы, Осмерыжск МТС-нің директоры **Понятаев** жолдас механизаторлардың колхозшылармен тығыз ынтымақтаса жұмыс істеуі арқасында станция қамтуындағы ауылшаруашылық артельдерінде үстіміздегі жылы егіннен жоғары өнім алынғаны туралы айтты. Көктемнің қолайсыздығына қарамастан, көктемгі егіс 15 жұмыс күні ішінде өткізілді. Тың және тыңайған жерлер игеру жөніндегі тапсырма екі еседен астам артық орындалды. Механизаторлар егін орағын табысты өткізді. МТС ауданда егін жыйнауды бірінші болып аяқтады және басқа станциялар мен совхоздарға көмек көрсетті.

—Менің жерлестерім —осы кеңеске қатысушылар, — деді қорытындысында Понятаев жолдас, —маған Сіздерді Павлодар облысының механизаторлары мен колхозшылары алдағы жылы дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 100 пұттық өнім, майлы дақылдардан 50 пұттан өнім жыйнайды, әрбір сыйырдан алынатын сүтті 1500 литрге жеткізеді деп сендіруді тапсырды. Біз Қарағанды облысын социалистік жарысқа шақырамыз және көршілеріміз —ақмолалықтар мен көкшетаулықтарды бізден үлгі алуға шақырамыз.

Трибунада Ақмола облысы «Авангард» МТС-нің директоры **Кошкин** жолдас. Ол тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемінің ұлғайтылуы нәтижесінде дәнді дақылдардан алынатын астықтың жалпы түсімінің едәуір артқан[...]

[...]

Маған, —деп мәлімдеді шешен, — Ташкенттегі мақта шаруашылығы озаттарының Бүкілодақтық көрмесіне қатысуға тура келді. Біз онда көп нәрсені үйрендік, атап айтқанда, мақтаны себудің прогрессивтік шаршы-ұялап және егісті ұзынынан-көлденеңінен өңдеу әдістерін кеңінен қолданамыз. Бұл үшін механизмдерді—плугтерді, сеялкаларды, мақта жыйнайтын механизмдерді, тракторларды қайта жабдықтау керек, бұл әрине оңай жұмыс емес, бірақ механизаторлардың еңбегі мұны жеңеді. Мұнымен бірге біз ауыл шаруашылығы министрлігінен бұл істе қажетті көмек көрсетуді сұраймыз.

Төреханов жолдас солтүстік-шығыс облыстардағы істестеріне сөз арнады. Осы кеңесте, деді ол, Ақмола және Павлодар облыстары МТС-терінің директорлары сөз сөйледі. Олар егіннің әрбір гектарынан 14 центнерден өнім алуға міндеттенді. Егер Ақмола мен Павлодар облыстарында астық осылай өндірілсе, онда жаңбыр аз жауатын, суаруға су жетіспейтін Оңтүстік Қазақстанда егін қалай өсірілмек. Мұндай пікірді қате деп санаймын.

Кеңеске қатысушылар Төреханов жолдастың мына сөзін қолшапалақтаумен қарсы алды:

Мен бұл директорларға мінбеге тағы да шығып, олар әрбір гектардан 20 центнерден кем өнім алмауға серт берсін деп өтінер едім. Біз алдағы жылы 7 мың гектар алаңның әрбір гектарынан 25 центнерден мақта өнімін жыйнауға міндеттенеміз.

Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Үштөбе МТС-нің директоры **Цой** жолдас кеңесте колхоздарға көмектің күшейіп отырғандығы туралы айтты. Станция қамтыйтын ауылшаруашылық артельдерінде жер жырту, топырақты себер алдында өңдеу, тұқым себу, отамалы дақылдарды өңдеу, дәнді дақылдарды және қант қызылшасын жыйнау толық механикаландырылған. МТС колхоздарда мал шаруашылығы үшін берік жемшөп базасын жасау жөніндегі көмекті күшейтті. Далалық жемшөп өндіру жылдан-жылға ұлғайтылуда. Станция жемшөп дайындауды комплексті механикаландыру, фермаларға және мал жайылымы участоктеріне жемшөп тасу, малға жемшөпті алдын ала әзірлеп беру жөнінде зор жұмыстар жүргізуде. Қазір МТС аймағындағы барлық бес колхозда 17 мал азығын буландырғыш, екі жемшөп кухнясы, бес тамыржеміс турағыш, осындай мөлшерде дән ұнтағыштар, сабантурағыштар орнатылып, жұмыс істейді.

Шешен МТС және колхоз жұмысындағы орын алған кемшіліктерге тоқталды. МТС қамтуындағы үш колхоз ғана мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындады. Сүт әлі аз сауылады, жүн аз қырқылады. Колхоздар ет тапсырудың мемлекеттік жоспарын орындамады. Екі колхозда —Молотов атындағы және Дзержинский атындағы колхоздардың фермаларында ғана сыйыр сауатын аппараттар орнатылды. Цой жолдас МТС және күріш өсіретін колхоздардың мұқтажына жете көңіл бөлмейтіндігі үшін ауылшаруашылық министрлігін сынады.

(Соңы 3-бетте)

# МТС және ММШС директорларының Республикалық кеңесі

(Соңы. Басы 2-бетте)

Батыс Қазақстан облысы. Березовск МТС-нің директоры **Федоров** жолдасқа сөз берілді. Бұл станция 25045 гектар егіс алаңы бар, оның ішінде 18854 гектар дәнді дақылдар себетін екі-ақ колхозды қамтыйды. Негізгі өсірілетін дақылдар —қатты бидай мен тары. Колхоздарда 1955 жылғы егіннен мол өнім алудың негізі қаланды. МТС едәуір аланда ка токтату үшін үлкен әзірлік жұмыстарын жүргізді. Жергілікті жағдайлар бойынша қысқы ылғалды жеткілікті мөлшерде жыйнау —егіннен жоғары өнім алудың кепілі. Машина -трактор паркін жөндеу көктемгі егісті 5-6 тәулік ішінде өткізу нысанасына сай жүргізілуде.

Федоров жолдас ауылшаруашылық министрлігінен МТС-ті сеялкалармен, жанар майлар тасығыштармен жеткілікті қамтамасыз етуді өтінді. Сол сыяқты, Батыс Қазақстанның машина -трактор станцияларын тоғандар құрылысы, шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту үшін механизмдермен жабдықтау қажет. Егіс алаңдарының шұғыл ұлғайтылуына және астықтың жалпы өнімінің ұлғайтылуына байланысты қуатты дән тазалағыш және астық артып, түсіретін машиналармен жабдықтауға баса назар аудару керек.

Шешен тың жерлерді игеруге келген жаңа қоныстанушыларды жылы киіммен, аяқкиіммен нашар жабдықтап отырған Қазақстан тұтынушылар одағын және республиканың басқа да сауда ұйымдарын сынады.

Бұдан кейін сөз сөйлеген Жамбыл облысы, Жамбыл МТС-нің директоры **Чернов** жолдас механизаторлар мен колхозшылардың СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль -март және июнь Пленумдарының қарарларын жүзеге асыру жолындағы күресі туралы баяндады. Ол облыстық ұйымдар МТС басшыларына әлі де болса нашар көмектесіп отырғанын айтты.

Сөз Бүкілодақтық мал шаруашылығы ғылми- зерттеу институтының директоры профессор **Кузнецов** жолдасқа берілді.

—Мал шаруашылығын өркендетуде,— деді ол, —малды азықтандыруды және күтуді дұрыс ұйымдастырудың шешуші маңызы бар. Осыған байланысты МТС қызметкерлерінің назарын құнарлы жемшөп өндіруге аудару керек, өйткені мұнсыз малдың жоғары өнімділігіне жету мүмкін емес. Тәжрибенің көрсеткеніндей, біз жүгерінің әрбір гектарынан 800-ден тіпті мың центнерге дейін көкшөп ала аламыз. Бізде сабан жаман азық деп есептелінеді, өйткені оны малдың организмдері қыйын қабылдайды. Бірақ сабанда көптеген қоректендіргіш заттар бар екенін еске ұстау керек.

Біздің Советтік зоотехникалық ғылым сабанның корегін екіжарым, тіпті үш есе арттыруға, қоректілігі жағынан орта есеппен тіпті жақсы шөпке тең жақсы

МТС-нің директоры **Байғабылов** жолдас.

—СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысынан кейін, — деді ол,—бір жылдан аз-ақ астам уақыт өтті. Осы уақыттың ішінде біздің МТС-тің коллективі және оның қамтуындағы колхоздар ауыл шаруашылығын өркендетуде алғашқы табыстарға ие болды. 7,5 мың гектар тың және тыңайған жер игерілді. Мұның өзі үстіміздегі жылы дәнді дақылдардың егіс көлемін 6 мың гектар ұлғайтуға мүмкіндік берді. Бітік егін өсірілді.

Біздің МТС аймағының колхоздары, — деді шешен, —Мальцев жолдас жасаған топырақты өңдеудің жаңа әдісін ойдағыдай қолдануда. «Большевик» колхозы 1953 жылы топырақтың үстіңгі қыртысын өңдегеннен кейін себілген жаздық бидайдың 170 гектарынан 13,7 центнерден өнім алды, бригада бойынша егіннің орта шығымдылығы 12,5 центнерге жетті. Үстіміздегі жылы біз Мальцевтің әдісі бойынша 2 мың гектардан астам жер жұмыстадық. Дәнді дақылдардың шығымдылығы жоспардағыдан артты. Мұның өзі біздің МТС аймағының колхоздарына 1953 жылға қарағанда, 1 миллион пұт астықты артық жыйнауға мүмкіндік берді. Мемлекетке 180 мың центнер астық, соның ішінде заттай ақы ретінде 60 мың центнер астық тапсырылды.

Колхоздардың табысы анағұрлым артты. Біздің станция аймағының 5 колхозының бәрі де миллионерлер болып табылады. Олардың ақшалай табысы үстіміздегі жылы өткен жылғыдан 10,5 миллион сом артып отыр. Колхоздардың өсімдік шаруашылығынан алған табысы 1953 жылмен салыстырғанда екі есе өсіп отыр.

Байғабылов жолдас мұнан кейін жергілікті колхоздарда мал шаруашылығын өркендету мәселелеріне, оның перспективаларына тоқталды.

—Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету туралы партия мен үкметтің қарарларын жүзеге асыра отырып, — деді Семей облысы «Красные горные орлы» колхозының председателі **Воронков** жолдас, —біздің ауылшаруашылық артелінің колхозшылары Үржар МТС-нің механизаторларымен бірлесе отырып, бітік егін өсірді. Мемлекетке астық өткен жылғыдан екі есе артық тапсырылды және сатылды. Шаруашылықтың жалпы табысы 5 миллион сомнан артты. Алайда 190 гектар егістік, шабындық және жайлымдық жерден алынатын өнім әлі де төмен болып отыр.

Воронков жолдас қоғамдық өндірістің барлық саласының өнімділігін арттыру үшін колхозшылардың белгілеген шараларына толық тоқталды. Осыған байланысты ол ұйымдастыру мәселелері жөнінде бірқатар ұсыныстар енгізді. Ол механизаторлардың жұмыс және еңбекақы төлеу нормаларын қайта қарау дұрыс деп санайды.

Сөз Қазақ ССР ауыл шаруашылығы

йындалған тың және тыңайған жерлерге егін себуге тиіс. Егісті барынша қысқа мерзімде өткізу қажет. Андриянова жолдас кеңеске қатысушыларға аударылған қыртысты және тың жерлерді өңдеудің агротехникасы туралы толық айтты.

Ақмола облысы Макин аудандық партия комитетінің Сталин МТС-і аймағы жөніндегі секретары **Дундуков**, станция аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобы колхозшылар мен механизаторлар арасында бұқаралық саяси жұмысты қалай ұйымдастырып, оларды СОКП Орталық Комитеті сентябрь, февраль- март және июнь Пленумдары қойған тарихи міндеттерді орындау жолына қалай ұйымдастырып отырғанын айтты.

Мәжлістің қорытындысында Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары **Забежанский** жолдас сөз сөйледі. Ол машина- трактор паркін жөндеудің қарқынын күшейту және сапасын жақсарту жөніндегі шұғыл шаралар туралы айтты. Ең алдымен жөндеу жұмыстарының майданын кеңейту —қолда бар машина- трактор мастерскойларын, ескі мастерскойларды, гараждарды, тораптар мен агрегаттарды жөндеу үшін жылытылған шатырларды барынша толық пайдалану қажет. Ауылшаруашылық машиналарын жабайы жөндеу жөнінде қосымша участоктер құрылысын, еңбекті дұрыс ұйымдастырудың, тораптық әдісті кеңінен енгізудің, жұмыстың қатаң графигін белгілеудің орасан зор маңызы бар.

—Алайда, —деді Забежанский жолдас, —мұнда шектен шығып, жұмыстың санын қуалап, сапасын ұмытуға болмайды. Мұндай қателік дала жұмыстары кезінде қымбатқа түседі.

Қазақстанға көптеген техникалар келуімен байланысты МТС-тердің бірқатар басшылары мен мамандарының арасында ескі машиналарды пайдалануға немкетті қараушылық пайда болды. Толық емес мәліметтерге қарағанда өткен жылы республикада екіжарым мыңнан астам тракторлар, екі мыңнан астам комбайндар, бесжарым мыңнан астам сеялкалар т. б. пайдаланылмады. Мүмкін бұл машиналардың бір бөлігінің тозығы жетіп, пайдаланудан шығаруды қажет ететін шығар. Бірақ іске ұқыпты қарап, олардың бірқатар бөлігін қалпына келтірген күнде, ол машиналармен жұмыс істеуге болатынына күмәндануға болмайды.

МТС-тердің жұмыстарын жақсартуда механизатор кадрларын дұрыс пайдаланудың маңызы өте зор. Тексеру мынаны көрсетті: бірқатар МТС-терде істің жайы төзгісіз болып отыр. Дала жұмыстары аяқталғаннан кейін механизаторлардың тең жартысы ешқайда да жұмыс істемей отырған МТС-тер бар. Бұл механизаторларды тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуден басқа оларды мал фермаларын механикаландыруға, тұқым тазартудағы техниканы қамтуға және басқа көптеген жұмыстарға қатыстыруға қажет болып отырған жағдай-



**Қазан.** Қазанның В. И. Ульянов-Ленин атындағы мемлекеттік университетінің 150 жылдығын атап өтуде университет үйінің қарсысындағы алаңда пролетариат революциясының ұлы көсемі, Совет мемлекетін орнатушы В. И. Лениннің ескерткіші ашылды. **Суретте:** В. И. Ленинге университет үйінің жанында орнатылған ескерткіш.

(СОТА-ның фотохроникасы).

## Колхоздардың қоғамдық табысы молаюда

Конюхов ауданында 15 іріленген колхоз бар. Олардың қоғамдық шаруашылығы жыл сайын өрге басуда.

Бұрын ауданда бірде-бір миллионер колхоз болмайтын. Быйыл ауданда 8 миллионер колхоз бар. «Пятилетка» колхозының өткен жылғы табысы 200 мың сомнан әзер асса, быйылғы кіріс 1.800 мың сомға жетті. Мұның негізгі көпшілігі егін шаруашылығынан түскен табыстар. Сол сыяқты «Красная крепость» колхозының кірісі 1.600 мың сомнан асты. Колхоз быйыл 30 киловаттық электр станциясын салып алды. Бұл күндері барлық колхозшылардың үйлерінде, қоғамдық мекемелерде, мал фермаларында электр шамдары жанады.

Ауданның екі колхозында «Москвич», ал қалған колхоздарында «Победа» жеңіл машиналары бар. Кейбір колхоздар тағы да жүк машиналарын сатып алмақ.

Колхоздарда келесі жылдың егісі үшін зябь, пар жыртудың, тың көтерудің жоспары да артығымен орындалды.

**З. ҚАЗБЕКОВ.**

## Талантты жастар

Қалада ауылшаруашылығын механикаландыру училищелері көркемөнерпаздарының облысаралық байқауы болып өтті. Байқауға Көкшетау, Павлодар және біздің облыстың көркемөнерпаздары қатысты. Байқауда әсресе, Чистов ауыл шаруашылығын механикаландыру училищесі коллективінің хоры зор табысқа ие болды. Олар «Партия бізді бастаушы», «Жастар маршы» әндерін асқан шеберлікпен орындады.

# ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің МӘЛІМДЕМЕСІ

1954 жылғы 2 декабрьде Вашингтонда Америка Құрама Штаттарының және Тайвань аралына барып тығылған Чан Кай ши тобының арасында «өзара хауіпсіздік туралы договор» дейтінге қол қойылған.

АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес бұл келісімнің агрессиялық сипатын ашып көрсетіп, былай деп мәлімдеді: «мен қорғаныс туралы бұл договорға қол қойылуы Формоза және Пескадор аралдарын коммунистердің бақылауына беруге Құрама Штаттар қайсы бір ретте келіседі деген әртүрлі лақаптар мен хабарларға үзілді-кесілді тыйым салады деп үміттенемін».

Мұның өзі жоғарыда айтылған агрессиялық договордың тексті мен Даллес мырзаның мәлімдемесінен көрініп отырғанындай, АҚШ Тайваньды және Пэнхуледао аралдарын (Пескадор аралдарын) Қытайдан бөліп әкету, Қытайдың бұл ұлттық территорияларына өз үстемдігін орнату мақсатын көздеп отыр.

АҚШ тарапынан жасалған бұл әрекет Қытайдың жоғарыда көрсетілген ежелгі территорияларына Қытайдың заңды праволарын дәлелдейтін халықаралық келісімдер бойынша АҚШ-тың өзіне алған міндеттемелерін өрескел бұзғандық болып табылады.

Жұртқа мәлім, Америка Құрама Штаттары мен Англияда да қол қойған 1943 жылғы Кайр декларациясында: «Жапония Қытайлардан бөліп әкеткен барлық территория, мысалы, Манчжурия, Формоза және Пескадор аралдары» Қытайға қайтарып беріледі деп салтанатпен мәлімделген болатын. Бұл қарар 1945 жылғы Подстам декларациясында қуатталып, бұл декларацияға АҚШ, сондай-ақ Англия да қол қойған болатын. Жапония тізе бүккеннен кейін Тайвань және Пэнхуледао аралдары континенттік Қытаймен қайта қосылды.

Кейіннен АҚШ үкметі жоғарыда көрсетілген территориялар жөнінде АҚШ-тың агрессиялық ниеттері жоқ деп сан рет мәлімдеген болатын. Атап айтқанда президент Трумэннің Формоза туралы 1950 жылғы 5 январьдағы мәлімдемесінде былай делінген: «Құрама Штаттардың Формоза жөнінде немесе Қытайдың қайсыбір басқа территориясы жөнінде ешқандай жырткыштық арамниеттері жоқ. АҚШ-тың ерекше праволар немесе артықшылықтар алуды немесе Формозада соғыс базаларын құруды көздейтін ешқандай ықласы жоқ... Оның сонымен қатар қазіргі жағдайға араласу үшін өзінің қарулы күштерін пайдаланатын ешқандай ниеті жоқ... АҚШ үкметі сонымен қатар Формозадағы Қытай әскерлеріне соғыс көмегін көрсетпейді немесе консультациялар бермейді».

Бірақ 1950 жылғы июньде, Кореяда соғыс бастаумен бір мезгілде, АҚШ үкметі Тайваньға өз әскерлерін жіберу туралы бұйрық беріп, Қытай Халық Республикасы территориясының бұл бөлегін оккупациялауды осы уақытқа дейін іс жүзінде жүзеге асырып келеді.

Екінші декабрьде АҚШ пен Чан Кай Ши тобы арасында жасалған агрессия-

мен қайта қосу әлдеқашан жүзеге асырылған болар еді.

Қытай жөнінде басқыншылық әрекет жасап, АҚШ Қытай территориясының бір бөлегін күшпен бөліп әкетуге тырысып отырғанда, АҚШ үкметі мұны АҚШ хауіпсіздігінің мүдделерін дәлелге келтірген мүлде қыйсынсыз сылтаулармен ақтауға әрекеттенуде. Мұндай сылтаудың мүлде қыйсынсыз екендігі мынаның өзінен-ақ айқын көрінеді: жұртқа мәлім. Қытай мен Американың арасы Тынық Мұхитпен бөлінген, ал Тайвань АҚШ-тан 11 мың километрден асатын алыс жерде тұр.

АҚШ пен чанкайшилік топ арасындағы жоғарыда аталған агрессиялық договордың текстінен мынадай жағдай айқын көрінеді: оның ережелері Тайваньға және Пэнхуледао аралдарына қолданып ғана қоймай, сонымен бірге «өзара келісу негізінде белгіленуі мүмкін басқа территорияларға да» қолданылады. Мұның мәнісі—АҚШ үкметі Тайваньды және Пэнхуледао аралдарын Қытай Халық Республикасына және Қыйыр- Шығыс пен Оңтүстік -Шығыс Азияның басқа да бейбітшілік мемлекеттеріне қарсы бұдан былайғы агрессиялық әрекеттер жасау тілектерінің бірі деп қарайды деген сөз. АҚШ тарапынан жасалып отырған бұл әрекет, күмән жоқ, Қыйыр- Шығыста жағдайды шиеленістіріп мемлекеттер арасындағы қатынастарды қыйындата түседі.

Герман милитаризмін қайта тудыру және Батыс Германияны соғыс топтарына қатыстыру мақсатымен Париж келісімдерінің жасалуы, Оңтүстік- Шығыс Азияда отарлық тәртіпті сақтау мақсатымен соғыс блогінің құрылуы, «хауіпсіздікті өзара қамтамасыз ету» дейтін туралы, ал іс жүзінде Қыйыр- Шығыста АҚШ-тың тағы бір соғыс тірегін құру туралы Оңтүстік- Кореяның лисынмандық үкметі мен жасасқан договорға АҚШ-тың қол қоюы және АҚШ пен Тайваньдағы чанкайшилік топ арасында қытай халқына қарсы бағытталған договор жасалуы —осының бәрі халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге кедергі келтіру және жаңа соғыс әзірлігін тездету мақсатын көздейтін АҚШ саясатындағы бір шынжырдың буындары болып табылады.

Қытай Халық Республикасы жөнінде жүргізіліп отырған АҚШ-тың агрессиялық саясаты жайындағы Совет Үкметінің позициясы, жұртқа мәлім, Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі мен Қытай Халық Республикасы үкметінің 1954 жылғы 12 октябрьдегі бірлескен Декларациясында баяндалған болатын. Бұл декларацияда былай делінген: Құрама Штаттардың Қытай Халық Республикасы жөнінде тікелей жасаған агрессиялық әрекеттері, әсресе ҚХР территориясының бір бөлегі—Тайвань аралын Құрама Штаттардың әлі де оккупациялап отырғаны, сонымен қатар қытай халқына дұшпан Чан Кай ши тобы соғыс және финанс жағынан қолдауы

азық алуға мүмкіндік беретін көптеген әдістер ұсынды.

Кузнецов жолдас жемшөпті әзірлеудің және онымен малды азықтандырудың тәсілдеріне толық тоқталды. Ол сабанды әзірлеудің ең оңай және тиімді әдісі— оны әктеуді ұсынды. Біздің ғылым сабаннан жемшөптік бағалы қоректендіргіш зат —белоктың 50 проценттен астамы бар ашытқы алудың әдісін жасап берді. Осыған байланысты завод көлемінде сабаннан азықтық ашытқы алуды ұйымдастыруды ойлау қажет.

Кузнецов жолдас малдың тұқымын жақсарту мәселелеріне тоқталды. Ол бұл істе бағалы тұқым малдарын толық пайдалануға мүмкіндік беретін малды қолдан ұрықтандыру әдісін енгізудің зор маңызы бар екенін айтты.

Мінбеде Қарағанды облысы Ақтасты ты бас басқармасының бастығы **Андрианова** жолдасқа берілді. Өзінің сөзінің басында ол кеңеске қатысушылардың назарын тың және тыңайған жерлерді игеру мәселелеріне аударды. Дұрыс жұмыс-талмаған жағдайда, тың көп реттерде бос жатып құнарлылығы кеміген жерлерге қарағанда өнімді аз береді. Сондықтан тың жерлерді егіске әзірлеудің және егістің өзіне дайындалудың шешуші маңызы бар. Тың жерлерді әзірлеу системасына оны ылғалмен қамтамасыз етудің рөлі зор. Кәзірден бастап тыңға көсымша ылғал беру жөніндегі жұмыстарды кең көлемде жүргізу қажет. Қаржыртқыштар арқылы қар тоқтату жұмысын жүргізуге агрономиялық қатаң бақылау жасау керек.

1955 жылдың көктемінде республиканың МТС-тері миллиондаған гектар да-

[illegible] кешіктірмей жасап, қайда және қанша жұмысшы жіберу қажет екендігінің анық графигі болуы керек.

Забежанский жолдас механизаторлардың мәдени және тұрмыстық жағдайларын жақсартуға бағытталған бірнеше ұсыныстар енгізді.

Күннің екінші жартысында кеңеске қатысушылар Алматы облысы Қаскелең ауданы, Коминтерн атындағы колхозда экскурсияда болды. Онда олар құрылыстық қамыс өндірісінің әдістерімен танысып, ауылшаруашылық артелінің қамыстан салынған жаңа құрылыстарын көрді. Сондай-ақ МТС-тер мен ММШС директорлары республиканың жергілікті және отын өнеркәсібі министрлігінің кірпіш заводтарының бірінде болды.

(ҚазТАГ).

[illegible] лективтеріне аброй әперді. Бұл коллектив байқауда бірінші орын, ал Петропавл училищесінің коллективі екінші орын алды.

**Л. АҚМЕТОВ.**

## Үлгілі аяқтады

Октябрь ауданы Есіл ауылдық Советіндегі байланыс бөлімі (бастығы Балахметов жолдас) жаңа жылға колхозшыларды баспасөзге жазу науқанына алдын ала әзірленіп, оны ойдағыдай өткізді. Сөйтіп, Балахметов жолдас баспасөз тарату жөніндегі өзіне берілген тапсырманы 150 процентпен асыра орындады.

Аудандық Советке қарасты колхоздардың мүшелері, мектеп коллективтері мен оқушылар газет, журналдарға толық жазылды.

**Ж. СЕЙІТБЕКОВ.**

[illegible] заңсыз орналасып отырғанына сылтау табу, сөйтіп, Құрама Штаттардың бұл территорияларды оккупациялауын қалпында сақтау мақсатын көздеп отыр.

АҚШ үкметінің Тайваньдағы чанкайшилік топпен договор жасауы Қытай Халық Республикасының суверенитеті мен территориялық тұтастығын өрескел бұзғандық болады, сөйтіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының уставын бұзғандық болып табылады, өйткені бұл уставта (екінші статьяның төртінші пункті) былай деп көрсетілген: «Біріккен Ұлттар Ұйымының барлық мүшелері өздерінің халықаралық қатынастарында қандай мемлекеттің болса да территориясының қол сұғылмайтын тұтастығына, немесе саяси тәуелсіздігіне қарсы күш көрсетуден немесе күш жұмсаудан, сондай-ақ Біріккен Ұлттардың мақсаттарымен сыйыспайтын қайсы бір басқа әрекеттерден тартынады».

Тайвань Қытайдың ежелден бергі территориясы болып отырғандықтан, Тайваньды азат ету, әлбетте, Қытайдың ішкі ісі, Қытай халқының суверенді правосы болып табылады. Егер АҚШ қарулы күштері тарапынан араласу әрекеті жасалмаған болса, онда Тайваньды Қытай- міндеттерімен сыйыспайды.

ССРО Үкметі Қытай Халық Республикасының Сыртқы Істер министрі Чжоу Энь-лайдың 8 декабрьдегі мәлімдемесінде білдірілген позицияға өзінің қосылатынын мәлімдейді, бұл позиция мынадай: америкалық- чанкайшилік «договор» Қытайдың ішкі істеріне араласқандық, оның территориясының тұтастығына қол сұққандық болып табылады және Қытайдың хауіпсіздігі мен Азиядағы бейбітшілікке қатер төндіреді. Америкалық әскерлерін Тайваньнан, Пэнхуледао аралдарынан және Тайвань бұғазынан әкету туралы, Қытай Халық Республикасына қарсы агрессиялық әрекеттерді тоқтату туралы Қытай Халық Республикасы үкметінің талабын ССРО Үкметі толығымен қолдайды. Қытай Халық Республикасының талабы және Қытай территориясының біртұтас бөлегі болып табылатын Тайваньды, Пэнхуледао аралдарын азат етуге қытай халқының берік бел байлаған жігері совет халқына түсінікті.

Совет Үкметі былай деп мәлімдейді: АҚШ пен чанкайши тобы арасында жасалған «өзара хауіпсіздік туралы» агрессиялық «договордың» зардаптары үшін жауапкершілік бүтіндей Америка Құрама Штаттарының үкметіне жүктеледі.

# ИНТЕРНАЦИОНАЛ МТС-нде

Елімізде тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен астық молшылығын жасау жөніндегі Коммунистік партия мен Совет үкметінің ауыл шаруашылығы еңбекшілері алдына қойып отырған зор программасын жүзеге асыруда озат көрсеткіштерге ие болған МТС-тердің бірі—Интернационал МТС-і. Мұнда трактор жұмыстарының жылдық жоспары 106,2 процент болып артығымен орындалды. 15 аттық күші бар әрбір трактор шартты жырту есебімен өткен жылғыдан 124 гектар жерді артық жұмыстады.

МТС механизаторлары дәнді дақылдардан мол өнім алудың негізі — Мальцев әдісін өндірісте қолдану жөнінде де елеулі жұмыстар істеді. Атап айтқанда, «Заветы Ильича», Вильямс атындағы, Жданов атындағы колхоздарда алдын ала лущильникпен өңделген 774 гектар алаң қайырмасыз плугпен терең жыртылды. Ал бұның 509 гектары август айында екінші рет жыртылды. Сөйтіп келесі көктемде МТС Мальцев әдісі бойынша жұмысталған парға бірінші рет егін егеді. Сонымен бірге 1577 гектар жер сыдыра жыртылған.

Жаңа әдісті өндірісте әділ сынау үшін МТС оған қажетті жаңа саймандар дайындау ісіне де мұқыят кірісken. Мұнда ылғал тоқтату үшін жерді тығыздайтын үш бұдырлы каток бар. Олардың іске жарамдылығы сыналған. Енді МТС плугтерді терең жыртуға бейімдеп қайырмаларын алу, тырмаларды қазтабанды етіп жасау жұмыстарын игеруде. Мұның барлығы да көктемгі егістен өнімді мол алуға жасалған дайындықтар. Бірақ бұл жеткіліксіз. Көктемгі егісті қалаған мерзімде аяқтау үшін МТС-тегі техниканың сапалы жөнделіп, сақадай-сай тұруы қажет. Мұны жете түсінген МТС коллективі жөндеу жұмысына күні бұрын тыңғылықты әзірліктер жасады.

1954 жылдың өзінде МТС-тың жұмыс көлемі өткен жылдағыдан 10 мың гектар артқан болатын. Алдағы жылы МТС алдында тұрған жұмыс көлемі бұдан да көп. Осыған байланысты МТС үстіміздегі жылдың өзінде жаңадан 13 «ДТ—54» тракторын, бірнеше қатарарлықтарды өңдейтін тракторлар, 15 плуг, 9 культиватор және 10 автомашина алды.

Кәзір МТС механизаторларының бар ынта-қабілеті көктемгі дала жұмыстарына қажетті тракторлар мен ауылшаруашылық саймандарын жөндеуге жұмылдырылған.

Жөндеу жұмысының шапшаң және сапалы жүруінде іске торaптық әдісті қолдану аса зор роль атқарады. Мұнда механизаторлар еңбегі әдеттегіден әлде қайда өнімді болды, жөндеу сапасы артты және мастерскойды тиімді пайдалануға жағдай туды.

МТС-те жөндеу бригадалық-торапты әдіс бойынша жүргізілген 1952 жылдары бір тракторды жөндеп шығару 20—25 күнге созылатынды. Ал тораптық әдіс қолданылғанда сол құрал-саймандардың өзімен доңғалақты тракторлар бес күнде, шынжыр табанды тракторлар жеті күн ішінде жөнделіп бітуде. Сонымен бірге жаңа әдісті қолдану нәтижесінде жұмысшы күші де аз жұмсалуда. Бұрынғы бригадалық-тораптық әдіс кезінде 120 адамның істеген жұмысын кәзір 30 адам атқарады. Механизаторларды бір орынға тұрақты бекіту олардың мамандығын арттыра түсуге, істің шапшаң орындалуына жағдай жасады.

Тораптық әдісті қолдану еңбек өнімділігін арттырды, өндірістік процестерді жеңілдетті. Кәзір тракторға жөндеу алдында бөлшектеніп, дефектадау ведомосы жасалады. Бөлшектер белгілі жұмыс орындарына таратылады. Осылайша ұйымдастырылғанда әр механизатор өзінің қандай жұмыс атқаратынын жақсы біледі. Бригадалық-тораптық әдіс кезіндегідей жөндеушілер арасында құрғақ әбігерге жол берілмейді.

Мастерскойдағы ірі цехтың бірі—монтаждау цехы. Мұнда машина бөлшектерінің тозу мөлшері байқалады. Тракторлар осында бөлшектеніп торап-торапқа таратылады да, қайта құрастырылып шығарылады. Сондықтан күз басталысымен-ақ жөндеу жұмысын бірінші болып қолға алған монтаждау цехының жұмысшылары В. Кулинич, А. Агапов, В. Медведюк жолдастар болды. Олардың пікірін барлық механизаторлар қолдады. Сөйтіп, жөндеу жұмысына дайындық күнілгері жасалды. Кәзір мастерскойдан күн сайын тракторлар жөнделіп шығарылуда. Бұл МТС тарихында бұрын болып көрмеген жағдай.

Трактор жөндеу ісіне қатысушылар шеттерінен техниканы шебер меңгерген тәжрибелі мамандар. Мастерскойда 6 токарь, 5 ұста, 4 слесарь және 1 медник тұрақты істейді. Олар—қолдарынан өнері тамған тамаша шеберлер. Токарь В. Баймак, И. Клясс, ұста Б. Миллер, слесарь Епифанцев жолдастар қандай жұмысты болсын талапқа сай және шапшаң орындап шығатын сенімділер.

Бір кездерде бұларға теңдес шеберлер жоқ-ты. Мысалы, бұрын капотты, жанар май багін слесарь Епифанцевтей жөндейтін кісі табылмайтын. Кәзір МТС-те бұларға төте шебер кадрларда өскен. Атап айтқанда, комбайншы- слесарь И.Липков, комбайншы-токарь С. Андриевский жолдастардың қолынан келмейтін іс аз. Ал тракторшы Моуко мотор тексерудің теңдесі жоқ шебері.

Жөндеу жұмысының ерте басталғанына, оған маңдайалды шеберлердің жақсы іріктелгеніне қарамастан жөндеуші-механизаторлар жұмыстың бас кезінде елеулі қыйыншылықтарға да кезідесті. «СТЗ» және «НАТИ» тракторларын жөндеуге кейбір қосалқы бөлшектер жетіспеді. МТС-тің аға инженері Довяковский жолдас қалаға бірнеше рет келіп, керекті бөлшектер таба алмады.

Істің тоқтаусыз жүруін іздестірген механизаторлар бұл қыйыншылықтардан шығудың жолдарын өздері тапты. Токарь И. Клясс, В. Вайнер жолдастар қажалған гильзаны өздері жасаған арнаулы станоктарда тегістеуге жетісті. Бірнеше күннен кейін слесарь Липковский жолдас тіреніш қатқалары подшипниктерінің ұясына втулка орнатып, оны жөндеу қалпына жеткізуді меңгерді. Мұның бәрі жөндеу жұмысына кететін қаржыны, құрылыс материалдарын көптеп үнемдеуге мүмкіншілік жасады.

Жөндеу жұмысында ерекше маңызы бар слесарь Г. Бадер жолдастың бастамасын атап көрсеткен жөн. Ол «СТЗ» тракторындағы клапанның бағыттағыш втулкасының диаметрі 11,3 миллиметрден асып кетсе, оны керекті мөлшерде жонып, «ДТ-54» тракторына пайдаланатын етті. Ал бұрын олар жарамсыз бөлшек ретінде пайдаланусыз қалатын.

МТС-те жөндеу жұмысының жақсы жүруі, жаңашыл-механизаторлар санының көбеюі де машина-трактор мастерскойының меңгерушісі Е. Губарев жолдастың істі жақсы басқара білгендігіне байланысты екені даусыз. Мұнда жұмыс аяғында өндірістік жыйналыс ашу әдетке айналған. Осы жыйналыста жөндеушілер келесі күні іске іле кірісу үшін тораптарға қажетті бөлшектерге наряд беріледі. Ертеңгі жұмыс талқыланады, олардың реті белгіленеді. Сонда комплектілеу цехының меңгерушісі нарядпен ерте танысып, қажетті бөлшектерді күнілгері дайын етеді. Механизаторлар осының өзінен көптеген уақыт ұтады.

Қолда бар тракторларды тиімді пайдалану үшін жөндеуге трактор дайындаудың маңызы ерекше зор. Сондықтан мұнда трактордың бөлшектенген күйінде көп тұрып қалмауы үшін жөндеуге берілетін тракторға бір күн бұрын дефекталау ведомосы жасалады. Осы бойынша нормировщик наряд жазады. Ал қойма бастығы бұған қажетті бөлшектерді дайындап қояды. Сөйтіп бір трактор жөнделіп шықса, екінші трактор жөндеуге жіберіледі.

Механизаторлар жұмыстың үздіксіз жүруі үшін цехтар мен торап арасындағы байланысты күшейтуде. Өйткені, бір тораптың бөлшекті мерзімінен кешіктіруі себепті барлық тораптың жұмысы бөгелуі мүмкін. Сондықтан жұмысы ауырлап кеткен торапқа жөндеушілер коллектив болып көмек береді.

Трактор жөндеудегі озат—тораптық әдісті меңгерген Интернационал МТС-і бұл жөнінде үздік көрсеткішке ие болуда. МТС трактор жөндеудің төртінші тоқсандық жоспарын 12 декабрьде толық орындап шықты және 1955 жылы 1 январьға дейін 6 тракторды жоспардан тыс жөндеуге міндеттенді.

**С. ТОҚТАСЫНОВ.**
**А. БАДЕЛЬХАНОВ.**

## Қосымша отын, су алмастан

Локомотив айналымын тездету— темір жол транспортының жұмысын жақсартудағы және жүк тасымалының өзіндік құнын кемітудегі зор резерв болып есептеледі.

Біздің Петропавл темір жол торабы жағдайында паровоздарға экипировка жасауға —көмір, су алу және локомотивті жуып-майлаудан өткізуге—1 сағат 35 минут уақыт кетеді. Ал кейбір уақыттарда паровоздардың эпикировкаға бұдан да көп тұрып қалушылығы кездесіп жүр.

Темір жол торабының алдыңғы қатарлы өндіріс озаттары паровоздарды экипировкаға қоюға кететін уақытты кеміту жолындағы күресті күшейтіп, Петропавл-Есілкөл және Мақушин станцияларына сапарға шыққанда экипировкаға бір-ақ рет тоқтатудың жолдарын тапты.

Жақында машинист Кушнаренко жолдас ауыр жүк тиелген составты Мақушин станциясынан алып шыққан сапарында паровоз диспетчері Сенцов жолдасқа:

—Петропавлға менің келуіме дейін Есілкөлге жүріп кететін бригада дайын болсын. Жолда үнемделген отын қоры Есілкөлге дейін экипировкаға тоқталмай өтуге толық жетеді. Локомотивтің техникалық жағдайы да жақсы, —деп хабарлады. Машинистің талабы орындалып, бір сапардың өзінде экипировкаға кететін 1 сағат 35 минут уақыт үнемделді. Мұнымен бірге Сенцов жолдастың кезекші болған сменасында Петропавл станциясы арқылы өткен составтардың 30 проценті экипировкаға тоқталмастан өтті. Ал локомотивтерді экипировкаға тоқтатпай ұзақ жол жүрушілер саны темір жол торабында күн санап көбейіп келеді.

Паровоздарды экипировкаға тоқтатпай өткізу жолындағы социалистік жарыста паровоз диспетчері Бруев жолдас өткен ноябрь айында бірінші орынға ие болды. Ол өткен бір айда экипировкаға тоқталмастан көп паровоздың Петропавл станциясынан өтуін қамтамасыз етті.

Жалпы темір жол торабы бойынша өткен бір айда жүздеген паровоз экипировкаға тоқталмай өтіп, мыңдаған тонна халық шаруашылығына қажетті жүктерді белгіленген мерзімнен бұрын Мақушин және Есілкөл станцияларына жеткізілді.

**Ж. ҚҰСАЙЫНОВ.**

## Еңбек процестерін механикаландыру

Облысымыздың совхоздары қол еңбегін жеңілдету мақсатымен мал фермаларындағы жұмыстарды механикаландыру үшін жаңа техникалар алуда. Жақында Преснов, Тоқшын, Мамлют совхоздары жаңа аспалы жолдар сатып алды. Кәзір аспалы жолдар облысымыздың барлық совхоздарында да бар. Ал Петропавл, Чистов, Буденный атындағы және басқа совхоздар электрмен сыйыр сауатын 32 аппарат алды. Сол сыяқты совхоздар үшін көптеген шөп машиналары және картоп жыйнайтын комбайндар алынды.

**Н. ЛЬВОВ.**

# Оқушылар мастерскойында

Мектептен оңашалау жерде екі бөлмелі шағын үй тұр. Оның іші-сырты бірдей сыланған, бөлме іштері тап-таза, жыйнақты.

Есіктен кіре бергенде-ақ: «Пионерлер мен оқушылар! Білімді табандылықпен меңгеріңдер!, «Әдепті және тәртіпті болыңдар», «Еңбекті сүйе біліңдер!» деген ұрандар көзге бірден түсе кетеді.

Бұл Ленин ауданындағы Петровка жетіжылдық мектебінің қолөнер сабағы өтетін мастерскойы еді. Ол быйылғы оқу жылының басында ашылған еді. Бұл үйді мектептің оқытушылары мен оқушылары жөндеп, кәдімгі мастерской қалпына келтірген болатын. Мұнда оқушылардың еңбек сабағында жұмыс істеуіне қажетті сүргі, балта, балға, қашау, егеу, ағаш тілетін қол аралар, бұрғылар, бұранда кілттері және басқа да толып жатқан аспаптар бар.

Сонымен бірге жұмысқа ыңғайлы етіп түрлі мөлшердегі верстактар жасалып, шағын слесарьлық станоктар сатып алынған. Олардың біразы қаладағы шағын двигательдер заводынан, енді бір бөлегі осы мектеп тұрған колхозды қамтыйтын Образцовая МТС-нен алынған. Ал едәуірін оқушылардың өздері, олардың туысқандары әкеліп тапсырды.

—Енді 10 минуттан кейін, V «б» класы оқушыларының еңбекке үйрену сабағы басталады,—деді мектеп директоры Леванов жолдас.—Сабақты қарт педагог Александр Андреевич Семинихин өткізеді. Он саусағынан өнер тамған нағыз шебер адам. Директор сабақ басталғанша қарт мұғалімнің ұзақ өмір жолын қысқаша таныстырып өтті.

...Қоңырау соғылды. Оқушылар бірінің соңынан бірі тәртіп сақтап мастерскойға келді. Бәрінің жүздері жарқын, қуаныш лебі еседі. Бұлардың ішінен Борис Маслов, Валя Попп, Алеша Нерубленко, Зоя Кузьмина, Яша Гук және Люда Ивановалар нан басатын тақтай жасауға кірісті. Кішкене қолдарына алған сүргіні тақтайдың өнебойымен ерсілі- қарсылы жүргізіп өткен еді, оның қылпып тұрған жүзінен жұп-жұқа жаңқалар жонылып, ортасынан ұзын лента тәрізді иректеліп шыға бастады. «Жасап отырған ісімізден мін шықпаса екен» дегендей әрқайсысы өзі істеп жатқан теп-тегіс төртбұрышты тақтайына қайта-қайта қарап қояды.

Александр Андреевич бүгінгі өткелі отырған сабақтың мақсатына тоқталды да, оқушыларды топ-топқа бөліп, олардың әрқайсысына тапсырма берді.

—Сендер байқап тұрыңдар, мен сендерге алдымен өзім көрсетіп берейін,—деді де оқытушы қолындағы қайшымен жұқа қаңылтырды қыя бастады. Сендер бұдан кружка жасауды үйренуге тиіссіңдер.

Бұл іске бірінші болып Николай Баранов пен Женя Қасенова кірісті. Ал Раиса Ковальчук және Зоя Сырцина әзірше кезек күтіп, бастапқы екеуінің жұмысын бақылап тұр.

Николай Баранов қолындағы қайшысымен қаңылтырды мұғалімнің көрсетіп бергеніндей төрт бұрыштап қыйып алды. Сөйтті де оны сындырмай бүктеп, төстік үстіне салып бұрыш-бұрыштарын балғамен ұрғылады. Сәлден кейін қаңылтырдың бұрыштары бір-бірімен жапсарласып, кәдімгі кружкаға ұқсай бастады. Бұл жұмысты орындағаннан кейін Николай тағы да қаңылтыр қыйып алды. Бұл жолы ол кружканы түптеді. Аздан соң тұтқа орнатылған кружка дайын да болды.

Осы тәртіппен басқа балалар да бірнеше кружка жасай бастаған еді, Николайдың жасаған кружкасын қолына алған мұғалім оны мақтап қойды.

—Жақсы, өте жақсы! Николай, сенің кружкаң жақсы болып шыққан екен. Женя, Рая, Зоялар да кружканы тәптәуір жасаған. Бірақ сендердің істеріңде әлде болса жетіспей тұрған жерлері бар, әсресе, кружкалардың жік-жіктерін шебер қыйыстыра алмапсыңдар, оның үстіне тұтқа түзу орнатылмаған. Келесі жұмыстарыңда осы жағына көңіл бөліңдер.

Еңбек сабағында оқушылар металл өңдеу ісіне де дағдыланады екен. Слесарьлық станоктың қасында тұрған біртоп оқушыларға жақындап келіп:—Міне, бұл —қатты сом болат,—деді Александр Андреевич қолындағы 2-3 сантиметрдей темірді көрсетіп,—мұны сендер слесарьлық станокпен жұқарта жоныңдар.

Мұғалімнің көрсетуінше Федя Власов, Борис Қасымов, Валя Кузьменко, Володя Пономарев, Люда Смысловалар бұл жұмысты да тыңғылықты етіп орындап шықты.

Мастерскойдың қасында «шебер қолдар» үйірмесі де жұмыс істейді. Үйірме мүшелері Евгений Шуев, Геннадий Леванов Евгений Семинихин және Андрей Галкиндер самолет модельдерін жасап шығарыпты.

Мектепте арнаулы биология кабинеті бар. Онда жаздық бидай, арпа, сұлы сыяқты дәнді дақылдармен қатар, техникалық өсімдіктердің және овощьтардың түрлі сорттары қойылған. Сонымен бірге, мұнда саналуан жәндіктердің түрлері де бар.

Мектепте екі гектарлық алаңда оқу-тәжрибе участогі бар. Онда жаз айларында акация, терек, шырша, сирень және қарағай ағаштары мен алма, қарақат, малина, алхор сыяқты басқа жемістер өседі. Үстіміздегі жылдың күз айларында мектеп оқушылары оқытушы Семинихин жолдастың басқаруымен 450-ге тарта әртүрлі жеміс ағаштарын отырғызды. Оның ішінде 250 түп қызыл қарақат 200 туптен астам малина,алма және басқа табиғи жеміс ағаштарының сорттары бар. Сонымен қатар МТС-тің көмектесуімен жарты гектар алаңға шөптанапты егістер үшін жер жыртылды. Мұнда да жаңа оқу-тәрбие участогі ұйымдастырылмақ.

**Р. УӘЛИЕВ,**

**Петровка селосы, Ленин ауданы.**

## ҚАРТ БАҒБАНШЫНЫҢ ШӘКІРТІ

Облысымыздың қарт бағбаншысы Трофим Батеханың таңдаулы шәкірттерінің бірі Владимир Оселедченко жолдас Октябрь ауданының Чапаев атындағы колхозында ...

... бінен 6 килограмнан жидек жыйнады. Сол сыяқты алхордан, қарақат, жидектерден жақсы өнім алынды.

Бауда бал аралары өсіріледі. Үстіміздегі...

## ҚЫТАЙ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ӨСУІ

ПЕКИН, 14 декабрь. (СОТА). Қытай Коммунистік партиясы мүшелерінің саны күн сайын өсе түсуде. Партияға елдің алдыңғы қатарлы адамдары: жұмысшылар, шаруалар алдыңғы қатарлы өндіріс орындарының өкілдері кіруде.

Елдің индустриялы ірі орталығы Мукденде үстіміздегі жылдың он айы ішінде партияға 7 мыңнан аса еңбек ерлері мен өндіріс озаттары қабылданды.

«Цзянсижибао» газеті партия ұйымдарының өсуі туралы жазады. Қазір Цзянси провинциясының Дәсин мен Хэнфэн уездерінің әрбір деревнясында партия ұйымдары бар. Шаняоск ауданында ККП -ның 22 мыңға тарта мүшесі есептелінеді.

Партияның мыңдаған мүшелері кооперативтермен өзара еңбек көмегі топтарын басқарып, қытай шаруаларын коллективтік еңбекке тарту жөнінде зор жұмыстар жүргізуде.

## ПЕКИНДЕ ССРО-ның ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫСТАРДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ КӨРМЕСІНІҢ ТАБЫСЫ

ПЕКИН, 14 декабрь. (СОТА). Пекинде ССРО-ның экономикалық және мәдени құрылыстардағы жетістіктері көрмесі жұмыс істегелі екі айдан астам уақыт өтті. Бұл мерзім ішінде көрмеде екіжарым миллионнан аса адамдар болды. Пекин тұрғындарынан басқа, көрмеде басқа провинциялардан келген 400 мың адам болды.

Қытай мамандары үшін —машина жасаушылар, кеншілер, құрылыс жұмысшылары, ғылми қызметкерлер мен искусство зерттеушілері үшін лекциялар мен баяндамалар ұйымдастырылуда. Көрмеде болғандар өздерінің білдірген көптеген пікірлерінде советтік индустрияға советтік ауыл шаруашылығын механикаландырудың жоғарылығына, совет суретшілері мен скульпторларының тамаша шығармаларына өздерінің сүйсінгендіктерін және Совет Одағынан әлі де табандылықпен үйрене беруге деген тілектерін білдірген.

## ГЕРМАН ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНДІРІСТІК КООПЕРАТИВТЕРІНІҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА

БЕРЛИН, 14 декабрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабар етуіне қарағанда, кеше Лейпцигте Герман Демократиялық Республикасының ауылшаруашылық өндірістік кооперативтерінің председательдері мен белсенділерінің үшінші конференциясы аяқталды.

Конференция еңбек ұйымдастыруды жақсартуға, мал шаруашылығын өркендету мен ауылшаруашылық кооперативтерінің өсуіне көмек көрсететін ұсыныстар қабылдады.

Конференцияға қатысушылардың бірауыздан қабылдаған қарарында ауылшаруашылық өндірісі кооперативтерін бұдан әрі де ұйымдық және шаруашылық жағынан нығайтудың қажеттілігі атап көрсетілген.

Конференцияда Германия Демократия...

# Отто Гротевольдың Хеннингсдорфтағы митингте сөз сөйлеуі

БЕРЛИН, 14 декабрь. (СОТА). Кеше Хеннигсдорфта көп адам қатысқан митинг болып, оған қала кәсіпорындарының 10 мыңнан аса жұмысшылары мен қызметшілері қатысты. Митингте Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто Гротеволь сөз сөйлеп, европалық елдердің Москва Кеңесі туралы айтты.

Герман Демократиялық Республикасының делегациясы, деді Отто Гротеволь, Москвада бүкіл неміс халқының мүдделерін білдірді, біз герман фашизміне қарсы күресте ең ауыр құрбандықтарға ұшыраған елдердің өкілдері алдында сөз сөйледік. Бұл өз жауапкершілігімізді толық түсіне отырып, герман милитаризмі барлық халықтардың қас жауы, Германияның қас жауы болып табылады, сондықтан біз оған қарсы барлық құралдармен күресеміз деп мәлімдедік.

Батыс Германияны ремилитарландыру және оны соғыс блоктеріне енгізу туралы Париж келісімдерінің агрессиялық сипатын атап көрсетіп, Гротеволь былай деп мәлімдеді:

Сондықтан да біз Москва Кеңесінде бүкіл неміс халқының атынан былай деп мәлімдедік: Париж келісімдері ешуақытта да танылмайды және бұл келісімдердің жүзеге асырылуына жол бермеу үшін қажетті шаралардың бәрі істеледі.

Келісім және бейбітшілік туы,-деді ол,- біздің туымыз болып келді және бола береді. Біз барлық неміс патриоттарын Париж келісімдеріне қарсы, Герман мәселесін бейбітшілікпен шешу жолындағы күресте мейлінше тығыз топтасуға шақырамыз. Париж келісімдері бекітілмеуге тиіс.

Премьер-министр Гротеволь бұдан кейін былай деп атап көрсетті: егер Батыс Германияны ремилитарландыру жөніндегі Париж келісімдері қалай да бекітілетіндей болса, онда Герман Демократиялық Республикасы бейбітшілікті, неміс халқының ұлттық мүдделерін және Герман Демократиялық Республикасы еңбекшілерінің табыстарын қорғау үшін ұлттық қарулы күштер құруға мәжбүр болады.

Отто Гротеволь Германияның бейбітшілігі, хауіпсіздігі және бірлігі жолындағы, Париж келісімдерін бекітуге қарсы, герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы күресті белсене күшейтуге шақырды.

Митингте сөз сөйлеген еңбекшілердің өкілдері Герман Демократиялық Республикасы үкметінің бейбітшілікті сақтауға және неміс халқымен Герман Демократиялық Республикасы еңбекшілерінің ұлттық мүдделерін қорғауға бағытталған барлық шараларын қолдаймыз деп бірауыздан атап көрсетті.

# Бельгия Коммунистік партиясының XI ұлттық съезі

БРЮССЕЛЬ, 14 декабрь. (СОТА). Бельгия Коммунистік партиясының 12 декабрьде жабылған XI ұлттық съезі партияның жұмысы мен оның басшылығындағы кемшіліктер мен қателіктерге қарсы бағытталып, кеңінен өрістетілген сын мен өзара сын жағдайында өтті және партияның бірлігін айқын көрсетті. Кемшіліктерді сынай отырып, делегаттар партия жұмысын жақсартудың, оның жұмысшы табының авангарды ретіндегі ролін қамтамасыз етудің, бейбітшілік пен ұлттық тәуелсіздікті қорғаудың нақты міндеттерін қойды.

Көптеген шешендер өздерінің сөздерін Бельгияның бейбітшілігі мен ұлттық тәуелсіздігі үшін күресу мәселелеріне арнады. Брюссель федерациясының өкілі Релеком былай деді: Бельгиядағы бейбітшілік жолындағы күрес, еңалдымен, Батыс Германияны қаруландыруға қарсы күреспен байланыстырылуға тиіс. Релеком Бельгияда бейбітшілік жолындағы қозғалыстың күшейгенін атап көрсетіп, партияның мүшелерін бұл қозғалыста авангардтық орын алуға шақырды.

Делегаттардың сөздерінде сонымен қатар партиялық баспасөзге басшылықтың жеткіліксіз екендігі де сыналды.

Съезге Румынияның, Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Герман Демократиялық Республикасының, Батыс Германияның, Великобританияның, Финляндияның, Австрияның, Жапонияның және басқа елдердің туысқан коммунистік және жұмысшы партияларынан алынған құттықтаулар жарияланды. Француз Коммунистік партиясының атынан Этьен Фажон, ал итальян Коммунистік партиясының атынан Спано съездің делегаттарын құттықтады.

Съезге Эрнесть Бюрнель қорытынды сөз сөйлеп, съездің мызғымас бірлік жағдайында өткенін атап көрсетті, және кемшіліктерді сынау, өзара сын партияның жұмысын бұрынғыдан да жоғары дәрежеге көтеруге мүмкіндік береді деген сенім білдірді. Партия, деді Бюрнель барлық күшін жұмсап, бейбітшілік жолындағы күреске қатысады және еңбекшілердің мүдделерін қорғайтын болады.

Съезд партияның бірлігін нығайту және оның еңбекшілер бұқарасы арасындағы жұмысын күшейту жолдарын көрсеткен қарарлар қабылдады. Съездің қарарлары әлі жарияланған жоқ.

Съезд сонымен қатар ұйымдастыру мәселелерін талқылап, 55 адамнан Орталық Комитет сайлады. Орталық Комитетке атап айтқанда, Эрнесть Бюрнель, Ван Муркерке, Лальман Терф және басқалары кірді.

Орталық Комитеттің мәжлісінде басшы органдар сайланды. Орталық Комитеттің секретариатына Эрнесть Бюрнель, Ван Муркерке, Рене Белен сайланды. Орталық Комитеттің саяси бюросы құрамына: Эрнесть Бюрнель, Ван Муркерке, Рене Белен, Ван Ден Бранден, Жорж Геннер, Де Конен кірді. Коммунистік баспасөзге басшылық ету міндеті Ван Муркеркеге жүктелді.

## ЧЕХОСЛОВАКИЯ ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫ СЕССИЯСЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

ПРАГА, 14 декабрь. (СОТА). Чехословакияның жаңадан сайланған ұлттық жыйналысының бірінші сессиясы бүгін өзінің жұмысын аяқтады. Ұлттық жыйналыс Чехословакияның жаңа үкметінің программалық мәлімдемесін мақұлдап, оған бірауыздан сенім білдірді.

Ұлттық жыйналыс европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесіне қатысқан Чехословак Республикасы үкмет делегациясының қыймылдарына өзінің қосылатынын бірауыздан білдірді.

Сессияның делегаттары қаулы алды, онда былай делінген: Батыс Германияда милитаризмді қайта тудыру және милитарландырылған Батыс Германияны кейбір батыс мемлекеттерінің агрессиялық блоктеріне енгізу мақсатын көздейтін Париж келісімдерін бекіту біздің шекараларымызға тікелей таяу жерлерде жаңа вермахт құрғандық, соғыс хаупін күшейткендік, ұлттық хауіпсіздікке және мемлекетке келетін қатерді күшейткендік болады.

Чехословак республикасы ұлттық жыйналысының сессиясы:

1. Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде 1954 жылғы 29 ноябрьден 2 декабрьге дейін болып өткен Москва Кеңесіне қатысқан Чехословак Республикасы үкмет делегациясының қыймылдарына толығымен қосылатынын білдіреді;

2. ССРО, Поляк Халық Республикасы, Чехословак Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Болгар Халық Республикасы, Албан Халық Республикасы үкметтерінің 1954 жылғы 2 декабрьде Москвада қабылданған Декларациясын толығымен қолдайды.

## НЕРУДІҢ ЛАКНАУДА СӨЗ СӨЙЛЕУІ

ДЕЛИ, 13 декабрь. (СОТА). Индия информация бюросы былай деп хабарлайды: 12 декабрьде Лакнауда 100 мыңнан аса адамның алдында сөз сөйлеген премьер-министр Неру бүкіл дүние жүзіне бес принципті бейбітшілікпен қатар өмір сүрудің үлгісі ретінде ұсынды. Бұдан кейін Неру өзінің Қытайға барып келген сапарына тоқталып, Қытайды ұлы ел деп атады. Неру 40 жылғы күрес пен азаматтық соғыстан кейін Қытайдың берік орнықкан орталық үкмет құрғанын атап көрсетті және жеке адамдар мен елдердің Қытайды тану керек пе, керек емес пе деген мәселені, сондай-ақ оны БҰҰ мүшелерінің қатарына алу туралы мәселені әлі күнге дейін тартысқа салып отырғанына таңданатынын білдірді. Өзін-өзі танытып отырған фактілерді көрмегенсіп көз жұмып отыра беруге бола ма?

Қытайды танымаудың дәл өзі, деді Неру бұдан кейін, өткен бес жылдың ішіндегі халықаралық алауыздықтар мен жанжалдардың басты себебі болды. Бұл фактор ұлттар арасындағы алауыздықтардың артуына себепші болды. Азияның санасы оянуы және ұлы екі ұлттың — Индия мен Қытайдың саяси аренаға шығуы нәтижесінде, деп мәлімдеді Неру.

ол колхоз бауындағы жеміс, жидектерден мол өнім алды. Әрбір гектардан 30 центнерден алма, крыжовниктің әрбір ту-

жылы оның саны 2,5 есе өсті. Әрбір ара ұясынан 30 килограмнан бал алынды.

**Н.КӘРІМОВ.**

## Овощь өсірушінің табысы

Полудень ауданы, Сталин атындағы колхоздың колхозшысы Мария Охрименко жолдас бірнеше жылдан бері овощь өсіру шаруашылығында жұмыс істеп келеді. Ол үстіміздегі жылы өз бригадасынын жұмысын дұрыс ұйымдастыра отырып, жақсы табыстарға ие болды. Бригада картоптың әрбір гектарынан 275 центнерден өнім алды. Бұл өткен жылғыдан 110 центнер, ал 1952 жылғы өнімнен екі есе артық деген сөз. Сол сияқты помидор өнімі де өткен жылғыдан екі есе дерлік артық, әр гектардан 200 центнерден болды. Озат колхозшы өзінің қажырлы еңбегі үшін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысты.

лық Республикасы премьер-министрінің орынбасары, ГБСП Орталық Комитетінің секретары Вальтер Ульбрихт қорытынды сөз сөйледі.

## ИТАЛИЯН ДЕПУТАТТАР ПАЛАТАСЫНДА

РИМ, 14 декабрь. (СОТА). АНСА агенттігінің хабарлауы бойынша, кеше түстен былай Италияның депутаттар палатасында Париж келісімдерін бекіту туралы, батысевропалық одақты құру және Батыс Германияны солтүстік- атлантикалық блокқа енгізу туралы мәселе жөнінде, яғни Батыс Германияны ремилитарландыру мәселесі жөнінде жарыссөз басталған.

## Американ өкметтерінің жүгенсіздігі

ПЕКИН, 14 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабар етуіне қарағанда, АҚШ-тың мемлекеттік департаменті 11 декабрьде өз Отанына қайтқысы келетін 35 қытай студентінің Қытайға баруына тыйым салған. Үстіміздегі жылғы июньде Женевада болған кеңесте АҚШ-тың делегациясы американ үкметінің өздерінің елдеріне жібермей, бес мыңнан аса қытайлық студенттерді АҚШ-та ұстап отырғанлығын ресми мойындаған болатын.

АҚШ үкметінің бұл қадамы, деп мәлімдеген агенттік, Қытайда сотталған американдық шпиондар үшін «кек алуға» тырысушылық болса керек. Егер іс былай болса, онда бұл АҚШ үкметінің халықаралық правоның нормасын сақтамай отырғандығының куәсі болады.

Құрама Штаттардың үкметінің, деп атап көрсеткен агенттік, қытай студенттерін күшпен ұстап отыруға ешқандай правосы жоқ. Сондықтан қытай студенттері жайында американдық өкметтің жасап отырған соңғы қадамы АҚШ-тың халықаралық правоны аяусыз бұрмалап отырғандығын көрсетеді.

Азияның тағдырын Европа немесе Америка шешіп келген күндердің дәуірінен енді өтті.

## ГЕРМАН МИЛИТАРИСТЕРІНІҢ АШЫҚ ТҮРДЕ МОЙЫНДАУЫ

ЛОНДОН, 14 декабрь. (СОТА). Батыс державалардың билеуші топтары Батыс Германияны ремилитарландыру жоспарларын өздерінің парламенттерінде өткізіп жіберуге тырысып, өз елдерінің жұртшылығын тыныштандыру үшін қайтадан тудырылып отырған батысгермандық армия сан жағынан шектеледі деп түсіндіруге тырысуда.

Бұл сөздің жалған екендігін батысгерманиялық әскери топтардың өкілдері әшкерелеуде. Бұған бұрынғы гитлерлік офицерлер —генерал Мантейфель мен вице-адмирал Хейенің «Дейли экспрестің» бондық тілшісі Хэмпер мен болған әңгімеде жасалған мәлімдемелері куә бола алады. Олардың айтуларына қарағанда, герман милитаристері Париж келісімдерінің негізінде ресми түрде жобаланған 12 дивизия мен қанағаттанып қалмайтындығы көрінеді.

Мантейфель мен Хейенің сөзіне қарағанда Батыс Герман бундестагінің депутаттары қазір «жергілікті қорғаныс отрядтары» деп аталатынды құруды талап етуде. Бұл отрядтар мотормен жабдықталған колонналар болады және олар танкке қарсы шапшаң атылатын мылтықтармен жабдықталған болар еді. Бұл күшті құруды олар Вермахты қайта тудырумен бір уақытта жүргізбек.

Сұрақтарға жауап бере келіп, Хейе герман армиясының ресми түрде аталынған цифрдан әлде қайда асып кететіндігін ашық мойындаған.

**Редактордың орынбасары**
**Ғ. НҰРМОЛДИН.**

# *Халықаралық шолу*

## ХАЛЫҚТАР ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІНЕ ҚАРСЫ

Барлық европалық елдерде және басқа континенттердің көптеген мемлекеттерінде европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінің қорытындылары кеңінен талқыланып жатқанына міне он күн болды.

Кеңеске қатысқан бейбітшіл мемлекеттердің халықтары және батыс елдерінің демократияшыл жұртшылығы Москва Кеңесінің Декларациясы мен ондағы ұсыныстардан бейбітшілікке жетудің айқын жолын көріп, соғысқа жол бермеу үшін өз күштерін біріктіруге ұмтылуда. Герман Демократиялық Республикасының Халық палатасы Москва Кеңесінің Декларациясын бірауыздан мақұлдады және бұл жөнінде қабылданған қарарда Декларациядан туатын барлық шараларды әзірлеуді үкметке тапсырды. 7 декабрьде Варшавада болған митингке қатысушылар былай деп мәлімдеді: Батыс Германияны ремилитарландыру жоспарларын жүзеге асыру қатері бейбітшіл елдер мен халықтардан оқиғалардың өздерін қапыста қалдырмайтын болуы үшін барлық күштерін жұмылдыруды талап етеді. Соғыс өртін тұтандырушылардың жоспарларын түпкі тамырымен құрту керек, деп мәлімдеді Чехословакия ұлттық майданының конференциясы. Венгрияның, Болгарияның, Румынияның, Албанияның еңбекшілері де осындай мәлімдемелер жасауда. Москва Кеңесінің нәтижелері Қытайда да толық мақұлданып қарсы алынды.

Бейбітшілік, демократия және социализм лагеріндегі барлық мемлекеттердің халықтары, Париж келісімдері бекітілген жағдайда, өздерінің хауіпсіздігін қамтамасыз етуге және, барлық бейбітшіл адамдармен қол ұстасып күресе отырып, баянды бейбітшілікке жетуге өздерінің берік бел байлап отырғанын атап көрсетуде. Капиталистік елдердегі прогрессшіл және демократияшыл күштер өкілдерінің сөздерінде де империалистік соғыс өртін тұтандырушылардың жаңа қастандық әрекеттерінен бейбітшілікті қорғауға ұмтылған талаптар білдірілуде.

Әртүрлі елдердің 80 миллионнан аса еңбекшілерін біріктіріп отырған кәсіподақтардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясы Бас советінің 9 декабрьде ашылған жетінші сессиясының алғашқы сөзі Париж келісімдеріне қарсы күреске шақырған сөз болды.

АҚШ-тың, Англияның, Францияның және американ империалистері жасаған инициатива бойынша құрылған соғыс топтарына кіретін басқа да бірқатар капиталистік елдердің билеуші топтары Москва Кеңесі мен оның Декларациясы жөнінде ұстап отырған позиция халықтардың өмірлік мүдделеріне мүлде қайшы келеді. Герман милитаризмін қайта тудыруға жол бермеу туралы және Европада хауіпсіздіктің тиімді системасын құру туралы ұсыныстарды қабылдамай, батыстағы билеуші топтардың өкілдері, біріншіі жағынан, Москва Кеңесі Декларациясының маңызын бұрмалауға немесе кем түте, ал екінші жағынан —Париж келісімдерін бекіту Совет Одағымен онан әрі келіссөздер жүргізуді «жеңілдететін» болады-мыс деген сылтаумен бұл келісімдердің бекітілуін тездетуге барынша тырысуда.

Москвадағы Кеңес әлі аяқталмаған кезде, АҚШ мемлекеттік секретары Даллес оған қарсы шабуылдар жасап, Москва Кеңесі «ешқандай жаңалық» айтпайды-мыс деген көпірме мәлімдеме жасады. Осы бағытты онан әрі ұстаған американ ресми адамдары, ал олардың ізінше ағылшын және француз ресми адамдары Декларацияның шын мақсатын бұқарадан жасыруға, оның маңызын кемітуге және «ешқандай жаңалық болмай» отыр-мыс деп, жағдайды бұрмалап көрсетуге барынша күш салып бақты. АҚШ пен басқа батыс елдерінің билеуші топтарының бұл сияқты бұрмалаушылық тактикасы олардың жұртшылық пікірін адастыру және халықтардың қырағылығын босаңсыту үшін әрекет жасауына керек болған.

Бірақ Париж келісімдерін бекітуді және халықаралық шиеленісті күшейтуді жақтаушылардың позициясы батыс елдерінің халықтары тарапынан қосталмай отыр. Герман милитаризмін қайта тудыруға және Париж келісімдерін бекітуге қарсы халық қозғалысының күшейгені туралы хабарлар жан- жақтың бәрінен дерлік келіп түсуде. Англияда 80 мың жұмысшының өкілі болып табылатын Шотландия шахтерлерінің Эдинбургтегі конференциясы Батыс Германияны қарулаңдыру саясатын айыптайтын және герман мәселесін жаңа халықаралық конференцияда талқылауды талап ететін қарар қабылдаған. Францияда 2 декабрьде, бір күннің ішінде ғана 16 қалада, соның ішінде Парижда бұқаралық митингтер болып, митингтерге қатысушылар Париж келісімдеріне қарсы «жоқ» деп жауап берген.

Герман милитаризмін қайта тудыру жоспарларына қарсы шыққан көптеген бұқаралық митингтер батысевропалық елдердің бәрінде де өткізілуде. Халықтар бұл жоспарлардың қандай апатты зардаптары болатынын түсінеді, сондықтан олар батыстағы билеуші топтардың бұл жоспарларды жүзеге асырудан бастартуын талап етуде.

## ФРАНЦУЗ- СОВЕТ ДОГОВОРЫНЫҢ ОН ЖЫЛДЫҒЫ

Францияның демократияшыл жұртшылығы 10 декабрьде одақ және өзара көмек туралы Француз— Совет договорының он жылдығын атап өтті.

Жұртқа мәлім, бұл договор соғыс күндерінде, Франция фашистік оккупациядан жаңа ғана азат етілген кезде жасалған болатын. Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында герман агрессиясымен байланысты мәселелерді шешуде Россия Францияға екі рет көмектесті: 1871 жылы Россияның қысым жасауы нәтижесінде Бисмарктің Францияға жүктеген контрибуциясы азайтылды, ал арада 6 жыл өткенде Россияның қолқабыс жасауы Францияның Пруссия милитаристерімен жаңа соғысқа киліклеуіне көмектесті. Дүниежүзілік бірінші соғыс жылдарында Франция мен Россия герман милитаризміне қарсы бірлесіп шайқасты, соның өзінде орыс әскерлері өздерінің Шығыс майдандағы қимылдарымен француздарды талай рет қолдады. Совет Одағының дүниежүзілік екінші соғыста жүргізген қаһармандық күресінің және оның тарихи жеңістерінің Францияға көрсеткен көмегі де баға жетпес көмек болып табылады.

1944 жылғы 10 декабрьде одақ және өзара көмек туралы Француз—Совет договорына қол қойылуы екі елдің дәстүрлі достық саясатының жалғасы болды. Договорда былай деп көрсетілді: екі ел дүниежүзілік екінші соғыс аяқталғаннан кейін «Германиядан жасалатын жаңа қатердің қандайын болса да жою үшін қажетті шаралардың бәрін қолдануға және Германия тарапынан агрессия жасаудың қандай да болса жаңа әрекетіне мүмкіндік беретіндей әрекеттерге жол бермеуге» міндеттенеді. Екі ел бұл договорда басқа одақтар жасаспауға және бұл елдердің біріне қарсы бағытталған коалицияларға қатыспауға міндеттенді.

Совет Одағы Француз —Совет договорын әрқашан да дәйектілікпен сақтап келді. Ал бұған қарама- қарсы, Францияның қазіргі үкметі договордың талаптарына қайшы келетін саясат жүргізуде. Француз үкметінің өкілдері герман милитаризмін қайта тудыру туралы Лондон мен Париж келісімдеріне қол қойып, қазір бұл келісімдерді тезінен бекіттіруге күш салуда.

Францияның қалың халық бұқарасы, оның демократияшыл күштері, барлық француз патриоттары герман милитаризмін қайта тудыру саясатының өз елін және Европаның басқа елдерін қандай қайғылы апаттарға әкеліп соқтыратынын түсінеді. Сондықтан да Француз— Совет договорының он жылдығына әзірлену және оны мейрамдау Францияда француз халқының бейбітшілікті сақтау үшін, Батыс Германияны қаруландыруға қарсы бірлесіп күресу мақсатымен, Франция мен ССРО арасында одақты нығайтуға ұмтылған талабының айқын демонстрациясына айналды.

## ЖАПОНИЯДА ҮКМЕТТІҢ АУЫСУЫ

Жапонияда үкметтің ауысуы— американ оккупациясының кіріптарлығына ұшыраған елдің қазіргі жағдайына наразылықтың жапон халқы арасында артып отырғандығының жаңа айғағы.

Орнынан түскен Иосиданың кабинеті іс жүзінде американ монополияларының әмірін орындаушы ғана болып келді. АҚШ-тың талап етуімен жүзеге асырылып отырған жапон экономикасын милитарландыру әрекетінің салдарынан елдің жағдайы барған сайын нашарлай түсуде.

Жапонияның ауыр жағдайы, әрине, жапон халқының наразылығы артуына әкеліп соқтырды. Американ оккупанттарына қарсы, сондай-ақ Иосиданың кабинетіне қарсы бұқаралық ереуілдер мен көтерілістер Жапониядағы дағдылы жағдайға айналды. Жапон парламентінің ішінде де наразылық туып, парламентте бірқатар партиялардың өкілдері Иосида үкметіне сенім көрсетпеуді талап етті. Иосида орнынан түсемін деп арыз берді, сөйтіп осы әрекеті арқылы қазіргі кезеңде американдар мен ең залым жапон реакцияшылдарына қолайсыз болып отырған парламенттің жаңа сайлауына жол бермеймін деп ойлады.

Бірақ Иосиданың айла-әрекеті іске аспай қалды. Жаңа премьер Хатояма бұл қызметке солшыл және оңшыл социалистік партиялардың келісуімен тағайындалды, олар парламентті таратуды және жаңа сайлау өткізуді талап етіп, мұны өздерінің кабинетті қолдауына шарт етіп қойды.

Жапонияның прогресшіл баспасөзі Жапонияда үкметтің ауысуын елдің тәуелсіздігін және бейбітшілікпен дамуын жақтап, американ оккупациясы мен оның зардаптарына қарсы шығып отырған күштердің арта түскендігінің айқын көрсеткіші деп бағалауда.

**П. РЫСАКОВ.**


## Киноларда

**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«ЗАПАСТАҒЫ ОЙЫНШЫ»**

Сеанстар сағат 5, 6-50, 8-40 және 10-30 да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«ИНЕЛІК»**

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30 да басталады.

Солтүстік Қазақстан облысы, Борки селосындағы № 36 механизация училищесінде тұрушы Михаил Тигранович Голустьян Петропавл қаласы, Володаровский көшесі, 53-үйде тұрушы Евгения Яковлевна Голустьяннан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 5-участоктік халық сотында қаралады.



**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-39, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылы және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады

УШ 02917 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.